

Өмірге жаңа жолдар
ашатыңыз,
Жаңа жыл - бүгінгі
күн, жаздың алды
(Бейімбет Майлин)

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

АҚМЕШІТ
жастары

№ 11 (392)
18 наурыз, 2021 жыл

6+

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті



REDAKTOR BAGANY

Жаннұр НИЯЗБЕКОВА, Қытайдың «Үздік жыл студенті»:

АР-НАМЫС – СЕНІҢ ӨМІР БОЙҒЫ АБЫРОЙЫҢ



– Жылдың үздік студенті атаныңызбен құттықтаймыз! Қазақ Жаннұрды «Қытайдың үздік шетелдік студенті» деп таниды. Ал біз сіздің жерлес өкениңізді мақтан етеміз. Оқырманға өзіңіз жайлы айтып беріңізші?

– Қызылорда қаласы, Қызылорда ауылдық округінде дүниеге келдім. 2008 жылы ауылдағы №39 орта мектепті үздік бітіріп, Қазақ Ұлттық аграрлық университетіне оқуға түсіп, 2 жыл қатарынан Президент стипендиясын иелендім. Оқуда аяқтаған соң, магистратурада оқып жүріп, университетте жұмыс істедім. Ол кезде 70 мың теңге жалақы алатынымын. Кейін университеттегі «Жібек жолы» бағдарламасымен Қытайдың грантын ұтып алдым. Қытайда оқуға отбасым келісім берді. Бірақ әкемнің қызы болғандықтан, әкемде қиыстық болды ма әйтеуір жүрексізді. Кейін ол да келісім берді. Қазір ҚР Солтүстік-батыс ауылшаруашылығы және орман шаруашылығы университетінде PhD докторантурада оқимын. Бастапқыда Қытайда тұру қиын еді. Тамағы ащы және қымбат. Кейін жергілікті жердің тамағын әзірлеуді үйрендім. Университетте 40-қа жуық қазақ студенті бар. Мереке күндері жиналып, ет асып, бас қосамыз. Бұл жақта 4 жыл оқыдым. Биыл бітіруім керек. Алайда карантин уақытына байланысты шектеулер болды.

Ғылыми жұмысымыз аяқталмады. Содан байланысты бір жыл стипендия беріп, оқуға мүмкіндік алдық.

– Неге ветеринар болғыңыз келді?

– Бұл салаға келуіме өкениңізді ұнатпаймын. Әкем – зоотехник. Өлі есімде, бала күнінде әкем жан-жануарларға мейріммен қарайтын. Мен де әкемнің қасында жүріп, ботаның жанында ұйықтап қалатынымын. Содан болар бұл сала жаныма жақын. Алдағы уақытта бұл салаға тың өзгеріс әкеліп, дамытқым келеді. Бұл – менің алдағы мақсатым. Одан бөлек алдағы уақытта вакцина ойлап табу жоспарда бар.

– Осыдан 3 ай бұрын Қытай университетінде «Президенттік стипендия иегері» жуырыла «Жылдың үздік шетелдік студенті» атандыңыз. Өзге елде жүріп мұндай биікті бағындыру қиын болды ма?

– «Қытайдың үздік шетелдік студенті» дәрежесін алу Қытай студенттерінің өзіне зорға бұйыратын жұлде. Ол үлкен еңбекті қажет етеді, екінші бірі иелене алмайды. Бірақ алғаш Қытайға келгенде пәкістандық жігіттің осы дәрежені алғанын көріп, бірақ бұрын-соңды қазақ жастары бұл жүлдені иеленбегенін естідім. Содан іштей «жұлде, күт мені» деп алға мақсат қойдым. Бір күні университетімізге «Қытайдың үздік шетелдік студенті» жүлдесіне үміткерлерді

қабылдау басталғаны жайында хабар келді. Содан Чен деген мұғалім «Жаннұр, құртыңды тапсыр, бағыңды сына, сен ұтасың» деп сенім білдірді. Біздің университеттен жеті студент тапсырды. Пекин оқу бөлімі жеті студент арасынан мені және Бангладештік студентті таңдап алды. Осылайша ақтық сынан да сүрінбей өттік. Қуанышымда шек жоқ. «Білімді мыңды жығар, білекті бірді жығар» деген осы шығар. Бірді емес, миллиарды жеңгенім менің ғана емес, елімнің жеңісі деп білемін. Бұл жұлде қол жеткізу айтарлықтай қиын болмады. Бала күнімен оқуға, бірінші болуға талпынатынымын. Соның нәтижесі болар, мектепті, университетті үздік бітірдім, барі қызыл диплом деп мақтана аламын. Қазақ тілі мен орыс тілін қоспағанда ағылшын, қытай, түрік тілдерін жетік меңгергенім. Соңғы 20 жылда бұл университетте аталған марапаты 3 шетелдік студент қаза алған екен.

– Жетістікке жетуіңіздің сыры неде? Мотивацияны қайдан аласыз?

– Өткен өмірім жетістікке жетуге күш берді. Осыдан 20 жыл бұрын анам өмірден өтті. Осы уақытқа дейін тек анамның атына кір келтірмеймін, тула ретінде білімді, иманды қыз болып өсемін деумен келемін. Кішкене қиындық туса, шабытты өлсірген кезде аспанға қарап, анамды ойлап, күш жинаймын.

Жерлесіміз Жаннұр Ниязбекова Қытайдың «Үздік жыл студенті» атанды. Бұл – қытайлық студенттер арасындағы жоғары деңгейдегі марапат. Қытайда осы марапатқа ие болған тұңғыш қазақ Жаннұрды табысымен құттықтаудың сәті түсті.

Мені ешқашан ақша, зәулім үй, шетелде шапқы өмір сүру қызықтырған емес. Олар бірде бар, бірде жоқ дүние. Ал ар-намыс – сенің өмір бойғы абыройың.

– Бұл жетістіктің сіз үшін маңызы қандай?

– Марапаттан бірге қаржылай қолдау көрсетілді. Елдің бәрі менің еңбегімді емес, ақшамды санап жатыр. Қытайға барып «миллионер болып кетіпті» дегенді де естідім. Бұл бір күнде келген ақша емес, 2 млн теңге көлемінде қаржы берілді. Егер постдокторантураға түсіп жатса, айына миллион теңге стипендия беріледі. Бұл – менің қанша жылғы еңбегім. Ешкім көмектескен жоқ. Мұнда тек стипендия ғана емес, басқа да мүмкіндіктер бар. «Жылдың үздік шетелдік студенті» постдокторантураға түсе алады және Қытайдың кез келген жеріне жұмыс орнын таңдауға мүмкіндік береді.

– Жақсы мүмкіндіктер берілген өкен. Сіз қайсысын таңдадыңыз?

– Қытайда дамыым дегендерге мүмкіндік көп. Жоғары дәрежелі мұғалімдер 1,5-2 млн теңгедей жалақы алады. Бірақ Қытайға тек білімді жетілдіру үшін ғана келдім. Мұны ешқашан естен шығармаймын. Сондықтан Қытайда қалатын ойым жоқ. Қытайда алған білімді елде жүзеге асыру – басты мақсатым.

– Өңімеңізге рақмет!

Өңімелескен
Айгүл ӨЛШЕРОВА

Құрметпен, Айжан ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ

3

4

9

Бұл зерттеу маған зор шабыт сыйлады

Құдайға соғыс ашқан ел

Барлық мамандық атаулының өз ұстазы бар



Жаңа
жыл құтты
болсын!

Қыстың соңғы күндерінің қытымыр ызғары да, алай-дүлей ысқырған желі де әсер етпес. Далада – Наурыз, жаңа жыл келді даусыз деп көңіл шіркіннің күйі бөлек. Домбыраның шаңағынан төгілгендей әуезді-ақ. «Е-ей, саған халқым-ай, әнімді айтып-ай, жұрмн шалқып-ай...» деп тіл ұшына оралған әнімді айтып ыңылдап, мақалаға отырғанда пернетақтада зырлдап, аптадан апта құалап, нөмір-нөмір дегенде өмір солай зуылдап өтіп жатыр. Бәрімізді інге тыққандай етіп, үйде қамған Тышқан жылын да, міне, шығарып салдық. Былтыр осы күні елімізде төтенше жағдай жарияланғанын, күдік пен күмән күшеюінде ел не істерін білмей өбегірге түскенін айтып, мерекелік көңіл-күйді бұзбай-ақ қоялық. Алла бетін аулақ қылсын, вакцина, антидене, т.б. дегенмен іңдеттің беті әлі қайтқан жоқ. «Сақтансаң – сақтармын» деген дәл осы уақыттарға сәйкес келгендей.

Кешегі ақпанның күрт жылынып кеткенінің әсері ме, биыл көктем кеш шығайын деп тұрған сияқты. Суық жел өнменнен өткенде, аяздың беті әлі қайпағанын сезінгенде «ишай» деп жылы үйге қарай асықпаныңды аңдамай да қаласың. Мейлі, күн райы маңызды емес, ең бастысы, үйдің жылылығы, жайлылығы, адамдардың бір-біріне деген айнымас көңілі, ықылас пейіл, ашық қабағы. Ағайын-туыс, дос-жаран, көрші-көлем бір бірін наурыз көжеге шығысып, мере-сәре болса, жаңа жыл келді, жасмызға жас қосылды деген осы емес пе?

Сонимен Сыр жылы табалдырымыздан аттап, терімізге озды. Әдетте сиыр сипағанды білмейді деп сөз-жамандап жатамыз ғой. Әйтсе де жылдың жаманы бола ма? Тағдырдың басқа салғанына адамның айла-амалы бола ма? Өлемді өбегірге салған жылды арқа тастадық деп сенейік. Алыстағы ағайынмен амандық-саулықта қауышуға жазсын. Бақытты жыл болғай! Сәтті жыл болғай!

САРАПАТМА

НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі – 2017 жылдан бері елімізде күн тәртібінен түспей келе жатқан денсаулық сақтау саласының ең маңызды реформаларының бірі. Былтырдан бері қазақстандықтарға игілігін көрсете бастауға тиіс аталған реформа, шын мәнінде, денсаулық сақтау саласына оң серпіліс бере алды ма?

2%: ЖҰМЫС САПАСЫН ЕКІЕСЕ ЖАҚСАРТТЫ МА?

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры ұсынған ресми ақпараттарға сүйенетін болсақ, халық медициналық сақтандыру шеңберінде тегін көмектің түр-түріне қол жеткізіп, медицина саласының қызметкерлері еңбегіне сәйкес ұстамақ алуда. Ал, анығында, ел азаматтарына медициналық сақтандыру жүйесі не берді? Былтыр ел азаматтары жалақысының 1%-ын қорға аударса, биылдан бастап бұл 2%-ға өсті. Жарнаудың өсіуі сапалы қызметке келіпді бере ме?

«Шаңырақ» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған «Міндетті әлеуметтік сақтандыру: проблемалары мен перспективалары» тақырыбында өткен онлайн дөңгелек үстелде сала мамандары осындай бірікпелі мәселелерді талқылады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры заңды және жеке тұлғалармен жұмыс жасау департаментінің директоры Забира Оразалиева 2020 жылды қорытындылай келе былай дейді: «2017 жылдың жарты жылдығынан бастап қорға жиналған қаражат көлемі 500 млрд теңгеден асса, сол қаражаттың басым бөлігі алдың-ала көзделмеген бағыттарға жұмсалды. Медициналық сақтандыру жүйесіне өріне сын тағушылар көп, дегенмен пандемия МӘМС жүйесін енгізу барысында жүйелі әрі тұрақты жұмыс жүргізуге көмекті келтірді. Қордың негізгі міндеті медициналық ұйымдарды үздіксіз қаржыландыру болса, 2020 жылы КВИ-мен күреске жұмылдырылған медициналық қызметкерлерді материалдық қолдау деген сөйліс жұмыстарды МӘМС қоры мүлтіксіз орындап шықты».

Денсаулық сақтау және әлеуметтану сарапшылары жүргізген «Қазақстандықтардың МӘМС-не жұмсалатын шығынына талдау жасау арқылы бағдарламаны енгізудің тиімділігіне баға беру» тәуелсіз зерттеу жобасының қорытындысына сүйенсек, әлі де болса медициналық сақтандыру сурақтары бойынша көзге деңгейде ақпарат ала алмай отырған азаматтар бар. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 60%-ы медициналық сақтандыру жүйесінен хабарсыз, яғни МӘМС туралы бұрын-соңды естігенмен, сақтандыру шеңберінде қандай көмек алуға қуылы екенін толық білмейді.

Сондай-ақ сауалнамаға қатысқан азаматтардың басым бөлігі МӘМС шеңберінде сақтандырылғанымен, ақылы медициналық көмек алуға мәжбүр. Емханаларға толассыз кезек, мамандардың жетіспеушілігі, мамандардың МӘМС сурақтары бойынша толық ақпарат бере алмай, пандемия жағдайындағы медициналық қызметтердің қолжетімсіздігі, мұнымен қоса мамілеттер басатынын жүйелі көтере алмай, ауық-ауық істен шығуы – халықтың ақылы медициналық көмекке жүгінуіне бірден-бір себеп. Сауалнама тұрғындардан бөлек медицина саласы

қызметкерлерінің арасында да жүргізілген.

«Халық медициналық сақтандыру жүйесі Қазақстанда медициналық қызмет көрсетудің сапасын жақсартуға бағытталған. Бірақ біздің байқағанымыздай, медициналық қызмет көрсетуге қатысты тұрғындар тарапынан жағымсыз сын-пікірлері көп күн өткен сайын кебеде, өйткені медициналық сақтандыруды халық әлі де толық түсінбеген. Бұнда медицина саласы қызметкерлерінің де сақтандыру сурақтары бойынша білім жеткіліксіздігі басты әсер етуші фактор болып саналады. Медициналық қызмет көрсетуде алдыңғы шептегі емханалардың қызметкерлерінің кепілдендірілген медициналық көмек шеңберінде көрсетілетін медициналық көмек пен сақтандыру жүйесі бойынша көрсетілетін көмектің ара-жігін ажырата алмауы медицинамен халық арасында «наразылық туындаып отыр», – дейді медицина қызметкерлерінің арасында сауалнама жүргізген әлеуметтанушы, PhD докторы Маржан Біржімқанова.

«Халық медициналық сақтандыру шеңберінде сақтандырылған азаматтар медициналық көмекті тегін алуы тиіс. Қорға жарна аудару тұрғындар тарапынан міндетті болса, дәл солан медициналық ұйым тарапынан тегін көмек көрсету міндетті. Бұл ретте әрбір Қазақстан азаматы өзінің құқығын білуі тиіс. Біз талап ете отырып, сапалы медициналық қызметке қол жеткізе аламыз, – дейді модератор Әйгерім Қожахметова.

«Бұл бір шыдамдылықты талап ететін жүйе болды. Қорға жарнапұл аударамын ғой деп тегін емделгім келген. Белімің ауырып жүргеніме екі айдай болды. Әуелі терапевтке кезекке келдім. Ол невропатологке жіберді. Оның қабылдауын 15 күндей күттім. МРТ-ға тегін түсу үшін тағы жиырма шақты күн күтуге тура келді. Оның нәтижесін алғанымда бір айдан асты. МРТ-ның нәтижесін невропатологке қайтадан көрсету үшін кезек күтіп жүрмін, – дейді бізге емхананың алдында кездескен қала тұрғыны Елжан Кемел.

«Тегін медициналық қызмет көрсететін барлық елде тұрғындар кезек күтеді. Біз кейде тым шыдамсызданып кетеміз. Өйткені ауру әбден меңделі, ақыннан кезде гана дәрігерге барамыз. Сосын дер уақытында маған қарамады, кезек күттіріп қойды деп ренжіміз. Сондықтан ауруыңыз асықпай тұрып, сәт сыр бергенде дәрігерге асығу керек. Адамның ауруы ешқашан жоғалып кетпейді, ауырып, кейін басындағы тәуір болып іетім деп ойлауыңыз. Дәреу дәрігерге жазылыңыз. Өйткені онда сіз аптапал кезек күтетініздігі алдың ала білуіңіз керек. Бұл жаппалты жағдай, – дейді қала тұрғыны Гүлжан Жұмахан.

«Қорға жарна аудару деген жүйе енгізілгені маған өте қиын болды. Ауырып, емханаға бардым,

жарнапұлдың төленбеген деп мені қабылдамады. Өйткені менің тұрақты жұмысым жоқ. Тұрақты жұмыс болмағандықтан ай сайын жарнапұл төлей алмаймын. Кенеттен ауырып қалғанымда ай сайын төлей алмаған жарнапұлдың бір жылғысын бірден қалай төлеймін? Осыған таңып бар», – дейді қала тұрғыны Айман Жәнадіқызы.

«Жарнапұлдың төленбеген, сондықтан сізге медициналық қызмет көрсетілмейді дегенде өзімді екінші сорты адам сияқты сезіндім. Өріне жұмыс істеймін, бірақ біз базарда күнбе күн қолма қол есептесетіндіктен, жарнапұл туралы ойлау қаперімізге де кірмейді ғой. Енді ауырып қалмасам екен деп тілейтін болдым, – дейді күліп Талғат Бектемір.

Мұндай пікірлерді мыңдай келтіруге болады. Қорға жарна аудармайтын азаматтар да кезек күттірмейтін жағдайларда тегін медициналық көмек ала алады. Белгілі бір аурумен диспансерлік есепте тұрса, тегін дәрі-дәрмек те тиесілі. Бұл мерзімді басылымдарда және белгілі бір сайттарда ауық-ауық жарияланып тұратын тізім болғандықтан әрі іздеген адам оңай табатындықтан оны дәл осы жерде қайталау артық болар.

Тізімді жатқа білгенмен, талап етпесеніз, нәтижені күту бекер.

Айжан ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ



Биыл өз Наурыз мерекесін тойлау форматы жылдағыдан өзгеше. Үкімет бекіткен тұжырымдамаға сәйкес елімізде мерейлі мереке 10 күнге жоспарланған. Яғни Наурыз мерекесін тойлау 14 наурызда басталды.

Бүгін – «Береке күні». Бұл күн – береке бірліктің күні. Атаулы күнде қалаға қарасты ауылдар мен кенттерде, шаһардың аландары мен саябақтарында тегін көже ішу, бауырсақ тарату қолға алынады. Сонымен қатар аландар мен саябақтарда, сарайларда, көшелер мен ауылдарда түрлі тағамдар мен тамақтардың жәрмеңкесі, мейрамханалар мен дәмханаларда отырағандар сағаты өтеді. Ұлттық тағамды насихаттау шаралары ұйымдастырылады.

19 наурыз – Тағзым күні. Қайырым мен мейірім көрсету күні. Аталмыш күнде наурыз бата беру науқаны, қазақтың шүлен тарату, жыл жуына, асар – үме секілді қайырымдылық институттарын насихаттау жұмыстары өтеді. Сондай-ақ Қызылжарма мәдениет үйінде «Өлең – сөздің даңғылы, бар қазақтың Жамбылы» атты облыстық жас ақындар айтысы өтеді. Ә.Тәжібаев атындағы орталық кітапханада «Ұлттың тірегі – дәстүр» тақырыбында дәстүр көрмесі ұйымдастырылады.

20 наурыз – Өркен күні. Бұл күні ауылдар мен қалалар төңірегінде тойын өткізеді. Балаларға арналған концерттер, ақшқандар, конкурстар, шаралар ұйымдастырылады. «Наурыз – жыл басы» атты балалар арасында сурет салу байқауы биыл Қараөзек аудылдық округінде өтеді. Сол күні сағат 11-00 де Ақсуатта «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні» атты театрландырылған қойылым және өңір әншілері тұрғындарға мерекелік көңіл күлі сыйлайды.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан әзірленген тұжырымдамаға сәйкес негізгі маңызды шаралар шаһарда 21-23 наурыз аралығында жүзеге асады. Жоспарға сәйкес облыс көлемінде Наурыз мейрамының құндылықтарын дәріптеуге насихаттауға арналған «Наурызым – нұрлы ырысым», «Арма, өз Наурыз», «Наурыз – көктем, «Наурыз – думан», «Нұр себеле, Ұлыстың Ұлы күні» атты өнер ұжымдарының, «Жырла жырау, алғыс жырғын Наурыздың» тақырыбында дәстүрлі әншілердің онлайн және офлайн форматтағы концерттері, облыс музейлерінде «Салт дәстүрім – тақырыбым» байлығым», «Шебер қолдар», «Жаса, Наурыз дәстүрі» тақырыптық көрмелер, сонымен қатар ұлттық салт-дәстүрлерімізді айшықтайтын «Шаңырақтың салт-дәстүрі» облыстық онлайн өнер фестивалі өтеді.

Өңірміздегі этнос өкілдері арасында қазақ халқының тарихын, дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын білуге арналған зияткерлік сайыстары, «Өз Наурыз – ұлттың санының, ұлттық бірліктің жарқын көрінісі» атты мерекелік шаралар, Наурыз – тазалық пен қоршаған ортаға қамқорлық

Сонау Нұқ пайдамбар заманынан бері қарай сан ғасыр сынығынан өтіп, бізге жеткен Наурыз мерекесі даңқымызды көксеретін үлкен мереке. Баршаңызға Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын!

Мөлдір САБЫРЖАН

мерекесі бағыты бойынша 21 наурыз күні қоғамда табиғатты аялау және қорғау мәдениетін насихаттау мақсатында санитарлық талаптар сақтай отырып «Таза табиғат» ағаш отырғызу акциясы ұйымдастырылады.

Қазіргі таңда білім ұйымдарында оқушылар мен жасөспірімдерге ұлттық салт-дәстүрлерімізді ұғындыру, тарихиымыз бен мәдениетімізді дәріптеу мақсатында бағырлық, эпосты, жырлардан мәнерлеп оқу сайыстары, «Наурыз поштасы» тақырыбымен карттарды, ардагерлерді құттықтау шаралары өтуде. Жоспар бойынша өткізілетін барлық мерекелік шараларда карантин талаптарына сәйкес әлеуметтік қауіпсіз және масқа режимі сақталды.

Еліміздегі әншідеммологиялық жағдайға байланысты 22 наурыз күні орталық аланда мерекелік шаралар өткізілмейді. Ұлы күні – Наурыз мерекесіне арналған шараларды мәдениет және өнер мекемелерінің әлеуметтік парашалары мен «Сыр шаңырағы» YOUTUBE каналынан тамашалауға болады.

БӨРЕКЕЛДІ!

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САРАПШЫЛАР ЖОҒАРЫ БАҒАМАДЫ



ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен «Медиа дамыту» корпоративтік қоры жыл сайын Қазақстанның баспасөз, радио және интернет-журналистика саласында «Үркер» Ұлттық сыйлығы байқауын өткізіп келеді. Биыл «Медиа дамыту қоры» Ұлттық сыйлықтың 2020 жылғы жеңімпаздарының тәжірибесін насихаттау мақсатында «Үркердің» онлайн ұстаханасын тақырыбында бірінші рет республикалық конференция ұйымдастырғаны белгілі.

елдің сарапшылары, журналистері, практик мамандары, журналистика факультетінің оқытушы-ағамдары мен студенттері сыйрайлықтың биылғы қоры медиа мектеп жұмысында жас та болса журналистика саласында өзінің жазу стилі мен жолын қалыптастырған Нұрсұлтаннның дәріс тек біздің шәкірттерімізге ғана емес, шет мемлекеттердің де студенттеріне үлкен шабыт сыйлады. Бұл – жас журналист үшін үлкен жетістік, – дейді әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, «Баспасөз және электрондық БАҚ» кафедрасының меңгерушісі Гүлмира Сұлтанбаева.

Онлайн шеберханада публицист Қайнар Олжай, республикалық «Julu» журналы бас редакторының орынбасары Түркібек Сауғатты, «Egemen Qazaqstan» газетінің тілшісі Гүлбаршын Себеева, «Ақ жол» газетінің бас редакторы Оралхан Дәуіт секілді елімізге есімі танымал журналистердің қатарында жерлесіміз, «Qyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігінің бас редакторы Нұрсұлтан Мықтыбай да болды. Ол былтыр «Үркердің» «Жылдың үздік репортажы» номинациясы бойынша жеңімпаз атанған.

– Нұрсұлтан Мықтыбай – «Үркер» ұлттық сыйлығы ұйымдастырылған төрт жылдың ішінде жекелеген журналистер бойынша аймақтар арасынан алғаш рет озып шыққан азамат. Ол бұл байқауға бір емес, бірнеше сериялы репортаждарын ұсынды. Өріне, бұл сыйлықты облыстық журналисттер алғашында таңғалғандар да болды. Дегенмен Нұрсұлтан өңірлерде репортаж жарына жүріп тілшілердің бар екенін дәлелдеген журналист, – дейді «Медиа дамыту қоры» Медиақобалар белімінің жетекшісі Бибігүл Бөкенбай.

Бұдан бөлек, Н.Мықтыбай ЮНЕСКО мен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті бірлескен халықаралық Қызыл медиа мектебінде де шеберлік сағатын өткізді. Ол «Qazaq radiosyny» 100 жылдығы және бүкілелемдік радио күніне арналған «Қолжетімді радио ар тұрғына және барша халыққа: COVID-19 пандемияға қарсы күресте» VIII халықаралық журналистика және коммуникация қысқы мектебінде «Репортаж жазу шеберлігі» тақырыбында онлайн дәріс оқыды.

Халықаралық қысқы мектеп жұмысына қатысқан Еуропа, АҚШ, Қытай, Ресей, Вьетнам, Ауғанстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, т.б. 16

Ж.САФИДА



Бекарыс НҰРИМАН, PhD докторы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің аға оқытушысы:

БҰЛ ЗЕРТТЕУ МАҒАН ЗОР ШАБЫТ СҢЙЛАДЫ

Көктемнің шуақты аптасында «Құтағу білік» еңбегінің жаңа аудармасы жарыққа шықты» деген сүйінші хабар жетті бізге. Қарақандар дәуірінде жазылған құнды жәдігерді PhD докторы Бекарыс Нұриман аударған. Еңбектің атауы – «Құтты білік: «Құтағу біліктен» тандамалы бөлімдер». Аударма кітаптың мазмұны, осыған дейінгі еңбектерден ерекшелігі тұрасында толығырақ білу үшін автормен емен-жарқын еңгімелестік.



“ҮШ ЖАЗБА ДА ТҮПНҰҚАНЫҢ КӨШІРМЕСІ

– Бекарыс, бірнеше жылдан бері ежелгі дәуір әдебиетін зерттеп келесіз. Жалпы түркі ғылымына деген қызығушылығыңыз қалай басталды?

– Ең алдымен, ғылыми зерттеу жұмысыма назар аударып, халыққа

Жаңа жылда
халқымызға
құт қонып,
ырыс ұялат,
ел басына
бақ қонысын!
Әз Наурызда
ел Қуантар
жаңалық
еселене түссін
деп тілеліміз!
Әр қазақ иман
болсын!

Гүлдана
НҰРТАЙҚЫЗЫ

жеткізу үшін сұхбатқа шақырғаныңызға рақмет!

Ғылым саласына кездейсоқ емес, санағы түрде табанды шешім қабылдап келдім. 2012 жылы магистратураға құжат тапсырмас бұрын көп ойlandым. Оған дейін әдебиеттің, өнердің, айтыстың маңайында жүргеннен кейін әдебиетті жай біліп қана қоймай, зерттеу саласындағы маңызды тақырыптарды тереңірек білу үшін оқуды жалғастыруға бел будым. Сол уақытта көне дәуір әдебиетін зерттесем деген ниетім болды. Алайда магистрлік диссертациямды айтыс тақырыбында дайындадым. 2012-2014 жыл аралығында зерттеген бұл жұмысымды сөтті қорғадым. Арada бір жыл өткен соң докторантурадағы оқуымды бастадым. Орта ғасыр, көне дәуір әдебиетін зерттесем деген ниетім, ежелгі дәуір әдебиетіне деген ықыласым бәрібір осы тақырыпқа алып келді. Ежелгі дәуір әдебиеті, оның ішінде «Құтағу білік» тақырыбын ғылыми зерттеуге бөкітіп бергеннен кейін шығарманы түпнұсқадан оқуға бар уақыттымыз арнадым. Негізгі қызығушылық өз алдына, менде үлкен жауапкершілік пайда болды. Өйткені осы уақытта дейін ежелгі дәуір, орта ғасыр әдебиетін зерттеген мамандар өте аз екені жасырын емес. Неге біздің ешкімізге құл болмаған, әлемге әмір жүргізген кездегі және сондай дүниетанымнан туған әдеби шығармаларымыз кеңінен насихатталмайды? Иә, кейінгі дәуір, әсіресе кеңестік психологияны сипаттайтын әдебиетті зерттеп жүрген ғалымдар бар. Мен оларды тек жоққа шығармаймын. Бірақ арада тепе-теңдік болуы керек қой. Біз оған дейінгі әдебиетті де насихаттап, зерттеуіміз керек емес пе? Осыны ескерте отырып, бірінші кезекте көне дәуірдің психологиясын түсінуге деген қызығушылығым одан әрі жауапкершілікке ақелді, ғылымға терең бойлауыма негіз болды.

– Тарихи деректерге сүйенсек, «Құтағу біліктің» бізге жеткен үш нұсқасы бар. Біріншісі, Вена қаласындағы Корольдік кітапханада, екіншісі Каирдың Хидив кітапханасында, үшіншісі Мәскеу қаласында қорында, ал келесі қолжазба Ташкенттегі Шығыстану институтында сақтаулы тұрғаны айтылады. Сіздің еңбегіңіз қай нұсқадан аударылды?

– Иә, қазір «Құтағу біліктің» үш қолжазбасы бар. Үш нұсқадан да баласандық Жүсіп еңбегін таңдау өте маңызды қолжазба деп есептейміз. Бұл жерде ескеретін маңызды жағы, зерттеуші ғалымдар үшеуінің де көшірме екенін айтты. Енді біз мына мәселеге көніп берейік, көне дәуірдің өзінде жазылған кітаптар көшіріліп, көбейтіліп, өлден өлге, жерден жерге таратылып отырған. Мінекей, бұл да сол дәуірдегі кітаптың қайта басылуы, таралуы сынды кітап мәдениетінің түркі даласындағы көрінісі деуге болады. Ол дәуірде графика да әртүрлі болған, оған осы кітаптар дәлел. Мысалы, Вена нұсқасы соғды жазуы негізінде жазылған көне ұйғыр графикасымен көшірілген. Ал Каир мен Фергана нұсқасы араб графикасымен хатқа түскен. Қай-қайсысын алсақ та, араларында аса бір алшақтық жоқ. Мәселен, бір нұсқадан кейбір түсіп қалған беттер келесі нұсқада кездесіп отырады.

Жалпы мәтін бір, тек арасында аз-маз айырмашылық бар. Түрік тілінде Рашид Рахмет Арат осы үш нұсқаны салыстыра отырып, бірінде жоқ үзіндіні екіншісімен толықтырып, «Құтағу біліктің» толық мәтінін құрастырып шыққан. Нәтижесінде 6645 бейтін тізімін жасаған.

Аударма жұмысын жасаған кезде мен үш нұсқаның өкілін негізге алдым, өйткені көне ұйғыр графикасын оқи алмаймын. Бәлкім, алдағы уақытта үйренуге болатын шығар. Ал араб графикасындағы екі қолжазбаны толықтай оқыдым, аударманы да осы екі нұсқаға қарап жасадым. Дегенмен тек осы екі нұсқамен шектелмей, Рашид Рахмет Араттың еңбегіне, қырғыз, ұйғыр, әзірбайжан және қазақ тіліндегі А.Егеубаев пен Ә.Құрышжановтың аудармасына қарап отырдым. Аударма жасауыма белгілі түркітанушы ғалым, профессор, доктор Хүлия Касаноплу Ченген аялаймының дәрісі себеп болды. Анкарада екі семестр бойы аялаймының Қарахан дәуірінің жазба тіліне қатысты сабағын алғанмын. Сонда әуелі «Құтағу біліктің» Фергана нұсқасындағы араб көрпімен жазылған сөздерді латын графикасына аудартады, сосын әр сөздің түбірін, жалтауын, жұрнағын, мағынасын және жалпы бейтіннің мағынасын талдапты. Әр сөздің көк түрік жазбасынан бастап, қазірге дейінгі өзгерісіне назар аудартады. Соңында сол бейтіннің ұйғыр,

ма деп ойлаймын. Сол себепті осы бағытта көбірек мән беріп, ел басқаруға қатысты айтылған бейттерді топтастырып жарияладық. Осы жерде «он ғасыр бұрын бабаларымыз құрған мемлекет және оның құрылымы, басқару жүйесі, ел басқару философиясы, билік пен халықтың қарым-қатынасы қандай болды?» деген заңды сұрақ туады. Бұл еңбек сол сұрақтың жауабын көрсететін бірден-бір дәлел. Яғни, бұл мемлекет құрып көрмеген, мәдениеттен жүрді, малдың соңында жүрген халық емеспіз.

“БҰЛ ШЫНЫМЕН ТАРИХИ ОҚИҒА

– Еңбегің дайындау барысында бұрын-соңды білмеген, таңсық дүниелерді де байқаған боларсыз... Кітаптың өзінің үшін де «жаңалық» болған тұстары болса оқырманмен бөліссеніз...

– Аудару барысында мені бұрынғы мемлекеттік басқару жүйесінің құрылымы жөніндегі деректер ерекше таң қалдырды. Сол үшін осы бағытта басымдық бергенім рас. «Құтағу білікте» жаңалық деп айтатын дүние өте көп. Сол дәуірдегі лауазым түрлері өз алдына, үл мен қызды білдірмей-ақ оқу туралы ең өзекті мәселелер қамтылған. Ал сіз сол заманда қы баланы оқуға жөніндегі деректі қай халықтың тарихынан таба аласыз?! Орта

ғалымдар жыл соңына дейін әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырып, жоғары деңгейде атап өтті. Соның аясында Түркияда «Құтағу біліктің» балаларға арналған түрікше нұсқасы жарық көрді. Кейін оны Ержан Арынбаев бауырым мен Айнур Ахметова қарындасым қазанда, ол Түркияда жарық көрді. Қинақты ел арасында насихатталуына аудармашылар, қарастырушылар барынша тырысты. Осындай аударманың дайындалғанына шынымен қуанамын. Себебі бабалар мұрасын жан-жақты танытуымыз керек.

“ПРЕЗИДЕНТ – КІТАПТЫҢ ЕН БІРІНШІ ОҚЫРМАНЫ

– Ғылымға ден қойған жастардың бірісіз. Соңғы уақытта ғылымға қолдау жоқ деп жиі айтылады. Бұл тұрғыда не айтасыз, мәселен, сіздің еңбегіңіз лайықты бағаланды ма?

– Кейінгі кезде ғылымға бет бұрушы жастардың аз екені жиі айтылып жүр. Солай екені де рас. Мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдауға келсек, ғылыми жобалардың конкурсы жиі жүргізіліп жатыр. Осыған дейін үш жылда бір рет өтетін еді, министр А.Аймағамбетов мырза келгелі жылда өтетін болды. 2020 жылдың өзінде бес конкурс жарияланды. Бұрын жалпы конкурс ұйымдастырылса, қазір жастарға арналған жеке конкурс өтті. Оған 40 жасқа дейінгі жастар қатыса алады. Өз басым Қазақстаннан ғылым жоба ұста алмадым. Бірақ шетелден 2 рет жоба жөніп алғаным бар. Соның нәтижесінде аударма кітабым жарыққа шықты.

Онан бөлек әр аймақта облыс бюджеті қаржыландырылатын қаншама ғылыми жоба бар. Алайда олардың нәтижесі қандай? Жасын қарастыра алмаймын, ғалымдар жоқ емес. Бірақ кейбір жобалардың жүзеге асуына менің көңілім толмайды әрі елдің азаматы ретінде де алаңдаймын. Сондықтан ғылымға әлде де тереңірек көңіл бөлінесе екен деп ойтаймын.

Өз еңбегім жайлы «Бағаланып қалды» дейтін ренішім жоқ немесе «көрмет бағаланып жатырмын» деп те айта алмаймын. Ең бастысы, ғылыми жұмысымның нәтижесіне халық тарапынан сұраныс бар. «Құтты білік: «Құтағу біліктен» тандамалы бөлімдер» кітапымды Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы оқыды. Кітаптың ең бірінші оқырманы да сол кісі болды. Мұның өзі мен үшін үлкен жетістік. Бірақ мен «Алайда Президентке жеткізем, сол кісі оқыса екен» деп мүлде ойланған емеспін. «Құтағу білік» жайлы телеарналарда айтып, газеттерде мақала жазып, әлеуметтік желіде ақпарат тарата бастадым, одан Президент әкімшілігі де хабардар екен. Өздері бағаласып, кітап жайлы сұрады. Тезірек хабардан шығарып бердім. Мұның өзі маған зор шабыт сыйлады. Көп ұзамай шетелден кітапты қаржыландырушы таптыр бергенді.

– Аударманы кітап өті шығардыңыз. Түсәукесері де өтті. Ендігі жоспарыңыз қандай?

– Иә, кітапты таныстырылымы Нұр-Сұлтанды өтті. Жынына ұстадарым, елге белгілі ғалымдар қатысты. Атап айтқанда, өлімізден белгілі ғалым, ф.ғ.д., профессор, академик Сейит Асқарұлы, белгілі алаштанушы ғалым, ф.ғ.д., профессор, академик Дихан Қамзабекұлы, руна жазуының нағыз маманы, түркітанушы ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы, Анадолыдан профессор, доктор Әжал Оғуз бен профессор, доктор Хүлия Касаноплу Ченген сынды ұстадарым және профессор, доктор Абдулжауап Қара есімді тарихшы ағам сөз сөйлеп, пікірін білдірді.

Кітап жайлы сын-ескертпелер де, шабыт беретін сын-сөздер де айтылып жатыр. Мен мұның бәрін қуана қабылдаймын. Себебі сын-пікірлер қатемді түзеп, мені одан әрі дамытады деп ойлаймын. Ал алдағы жоспарға келсек, қолға алған бастамаларымыз баршылық. Оны уақыты келгенде айтармыз.

– Ежелгі дәуір әдебиетінің бірі, мәселен, қазір дипломдық, диссертациялық жұмыс қорғайтын, қызығушылығы бар жастарға ұсынатын қандай актуалды тақырыптары бар? Бұл салада нендей мәселелер өзекті?

– Ежелгі дәуір әдебиетінің бірінші зерттелді деп айту қиын. Мәселен, тіл ғана «Құтағу біліктің» айналасында зерттелмеген қаншама дүние бар. Сол сияқты басқа да ежелгі дәуір ескерткіштерін алып қарасақ, зерттеу қажет тақырыптың көп екенін байқауға болады. Қазір осы салаға жастарды қызықтыру жолдарын барынша қарастырып жатырмыз. Бірақ олардың қызығушылығы әртүрлі екені де ескерген жөн. Ал ғылымға мын ниеті бар жастарға бағыт-бағдар беруге қашанда дайынбыз.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Еңгімелескен
Гүлдана ЖҰМАДИНОВА



қазақ, қырғыз, әзірбайжан және түрік тіліндегі, яғни бес тілдегі аудармасымен салыстырамыз. Сол сабақтың нәтижесінде «Құтағу біліктің» жаңа аудармасы дүниеге келді деуге болады.

– ҰҒА академигі Сейит Қасқабасов бұл еңбек жайлы «XX ғасырда «Құтағу білік» ел басқару ісімен емес, біліммен байланыстырылған. Сол себепті кітап адамды екі дүниеде бақытқа жеткізетін дидактикалық, философиялық, әдеби көркем шығарма деп түсіндірілді» дегенді айтты. Көпшіліктің пікірі де осыған саяды. Бірақ аударма кітаптың атауы «Құтты білік». Осы жерде кітаптың мазмұны жайлы өзіңіз түсіндіріңіз беріңізші...

– Иә, менің ұстаым, академик Сейит Қасқабасов «Құтағу білікке» қатысты ақыл-кеңесін үнемі айтып отырады. Жаңында жарияланған кітаптың өзін де ұстаым жазды. Бұл жерде ескеретін бір жағы, кітаптың атауы «Құтты білік» қана емес. «Құтты білік: «Құтағу біліктен» тандамалы бөлімдер» деп аталады. Оның себебі «Құтағу білік» сөзін қазақ тіліне немесе басқа тілге тура мағынасында аудару өте қиын. «Құт» пен «білік» сөздері сол заманда бірнеше мағынада қолданылған.

Сейт ағайдың айтып отырғаны негізісіз емес. XX ғасырдың басында Кеңес ғалымдары «Құтағу білік» сөзін қалай аударамыз деп ойлапты, көп талпылған. Сосын В.Бартольд, В.Радлов, С.Маюв, А.Валитова сынды түркітанушы ғалымдар бірнеше нұсқа ұсынды. Мысалы, олар «Наука об управлении» деп атаған. Былай қарасақ, кеңес түркітанушыларының ең бұл еңбекті біліктен байланыстырған. Алайда «білімге қатысты» деген пікірлер де жетерлік еді. Сол талпыныс соңында ғалымдар «Благодатное знание» деген атауға тоқтаған. Әрі қарай «Құтағу білік» халыққа насихат, уағыз мазмұндығы кітап ретінде кеңінен таныстырылған. Біздің елде де осы тақырыпқа байланысты көптеген зерттеу жүргізілді. Мен де білімге қатысты пікірді ұстанған ғалымдардың пікірімен келісіп, сол көзқарасқа басымдық бердім. Неге? Өйткені біз «Құтағу білік» адамды бақытқа жеткізетін білім, уағыз-насихат үлгісіндегі шығарма ретінде жан-жақты таныттық. Бірақ білімге, мемлекет басқару ісіне қатысты кітап екенін насихаттау жағы кемшіл болды

Нұрлан КӨБЕГЕНҰЛЫ,
«Ұстаз мәртебесі» газетінің бас редакторы:

БАРЛЫҚ МАМАҢДЫҚ АТТАУЛЫҒЫҢ ӨЗ ҰСТАЗЫ БАР



Республикалық қоғамдық-әлеуметтік, ғылыми-көпшілік «Ұстаз мәртебесі» газеті 2011 жылдың 18 наурызынан бастап жарық көріп келеді. Биыл жарық көргеніне – 10 жыл. Он жылдық бөлесті абыроймен аттаған басылымның өз устанымы, өз аты, өз бағыты бар. Тәжірибелі журналист Нұрлан Көбегенұлының бастамасымен жарыққа шыққан газет мерзімді басылымдар нарығында өз орнын қалыптастырды. Қазірде үш тілде ақпарат тарататын жеке сайты, әлеуметтік желілерде парақшасы бар.

«Барлық мамандық атаулының өз ұстазы бар. «Ұстаз мәртебесі» газетінің ағуымен мен ұстанымым осынысымен кең. Тіпті педагогикалық, ағартушылық бағытымен бірге қоғамдық-әлеуметтік, құқық, кәсіпкерлік, денсаулық, спорт, медицина мәселелеріне де үн қатып, басылым өз қадамын алға нық басып келеді», – дейді газеттің бас редакторы Нұрлан Көбегенұлы.

Газет жарыққа шыға бастаған жылдары «Ізденіс», «Қамқорлық», «Имандылық дәрістері», «Мерей», «Өнеге», «Ұлағат», «Ұстаз шығармашылығын», «Мәртебелі ұстаз мінбері», «Тәрбие», т.б. айдарлар ұйымдастырылды. Мұнымен қоса оқушылардың шығармашылығына арналған «Шашы» беті тұрақты шығып тұрды. Білім беру саласының, мектеп өмірінің жарқын жаңалықтарымен қоса өзекті мәселелерді ұдайы жариялау да басылымның бұлжымас қағидалық болып қалыптасты. Бұған газет тілшісі ақпарат отырып, көз текізуге болады.

Енді алда редакция дамыған қоғамның талабына сай жаңа міндеттер белгілеп отыр. Оның бірі – қоғам талабына сай жаңаша сайтты қолға алу», – дейді.

Редактордың өзін газеттің бөлсенді оқырмандарының жылы лебімен толықтыра кетейік: «Басылым жарыққа шыққалы бері «Ұстаз мәртебесі» тұрақты түрде оқып келеміз. Тақырыптық бағытының ар алуандығына орай басылым бетінде жарияланп жатқан материалдар бүгінгі қоғамның боямасын шындығын көрсетіп жүр. Білім саласының мамандарымен құрған әрбір сұхбаты, білім беру саласындағы өзекті проблемаларды алға тартып, оған қоғамның назарын аударып жүрген газеттің болашағы зор деп есептеймін» деп жазады Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназияның директоры Данабек Абдрайымов.

«Сыр елінен республикаға тарайтын қоғамдық-әлеуметтік, ғылыми-көпшілік «Ұстаз мәртебесі» газетінің жарыққа шығуы тың жаңалық

көпшілік оқырманға жеткізді отырды. Осы уақыт ішінде «Ұстаз мәртебесі» Сыр өңірінде өзіндік орны бар, бағыт-бағдары айқындалған, қалың оқырманы қалыптасқан беделді басылымдардың біріне айналды» деп жазады ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Әлімжа Әбдіқалықов.

«Ұстаз мәртебесі» мерзімді басылымдар дағдарысқа ұшырап, баспасөз электрондық форматқа көшіп жатқан уақытта дүниеге келіп, ұстаздар қауымдастығының кәсіби, әлеуметтік мүддесін аянайы қорғайтын басылымға айналды. Көптеген қарпайым ұстаздар басылым тарапынан күшті шығармашылық және моральдық қолдауға ие болды. Мұның өзі үлкен міндетке, ал оны шығарушылардікі – азаматтық ерлік! Бұл – тарих ғылымдарының докторы Дастан Сәтбайдың пікірі.

«Газет облыс мұғалімдерінің озық тәжірибесі мен шығармашылық ізденісін тұрақты түрде жариялап келеді. Аталған бағытта әдістемелік тақырыпты мақалалар, шығармашылық жұмыстар, сабақ үлгілері мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуына оң ықпал етеді», – дейді «Облыс БАУ» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры Бауыржан Елеусинов.

Бұл пікірлердің барлығы да – қалың оқырманың – кәсіби мамандардың газетке берген бағасы. Ал, оқырман бағасы – бәрінен де қымбат.

Оқырман қызып, газетпен етене араласуы үшін «Ұстаз мәртебесі» – арнайы жобаларды қолға алған бірден бір басылым. Бұл жобалар басылымды басқа бөсекелестерінен біршама дараландырып, оқ бойы осырып тұр десек артық айтқандық емес. Енді сол жобалардың атын атап, түсін түстей кетейік.

«Аламан» спорт бөйесі – газеттің алғашқы жобасы. Жас ұрпақты спортқа баулу, саламатты өмір салтын насихаттау басылым назарынан тыс қалған емес. Бұдан соң ғылыми бағытта «Ұздік жас ғалым» бақығы ұйымдастырылды.

«Ұлағат», «Жұмыр жер», «Өлеумет», «Өркеніет», «Құрмет», «Денгей», «Балауса», «Мирас», «Тәрбие», «Білім», «Шартарал», «Бағдар», «Темірқазық», «Әріптеспен әңгіме», «Тайым пен пікір», т.б. беттер ондағы мақалалардың мазмұн бойынша топтастырылғанын айқындай түседі.

Бұл жылдары үздік педагогтар жайлы әсерлі эсселер – оқырман тұшынып оқытын бірден бір мақалалар қатарында. Айталық, «Еңбек еткенге бағыт басын меңді» (жылдың үздік педагогы Сағатбек Қарапаев жайында), «Мәртебелі мамандықтың мерейі» (үздік педагог Сәуле Әпденнова туралы), «Шығармашылығы шыңға шығарды» (Индия Шамшатовта туралы), «Мектеп басылысының мерейі» (№6 орта мектептің директоры Амангелді Бөлекбаев жайында), «Жүзінен шауақ төгілген» (ұстаз Жанар Кібекбаева туралы), «Азамат. Ұстаз. Ғалым» (ғалым Бақыт Қалиұлы жайында), т.б. Мұнымен қоса «Жас дарын» (үздік педагогтардың мектеп оқушылары жайлы мақалалар, өз іюін білгірлерімен келелі сұхбаттар оқырман көңілінен шықты. «Шетелден шығару алған қазақ жастары», «Бұқаралық спортты пайызбен емес, пайыммен есептеу керек», «Директордың кабинетіне кез келген бала кіре алуы керек» (№54 мектеп директоры Шәкірім Сейсенбаймен сұхбат), «Мақсаты жоқ адамдар мақсаты бар адамдарға қарсы етеді», «Имандар айлға ала ма?», «Ітпен ойнансаң – үрессің, баламен ойнансаң – күлерсің», т.б. мақалалар қызықты мазмұнымен еріксіз назар аудартады.

2019 жылы кинотану және киносөйлемін талпыныс жасаған

«Қашықтан оқыту қашықтан жоқ па?», т.б. мақалалар тізімін қосқа болады. Тағы бір айта кететін жайт, басылым бұл жылы «Сындарлы сөз», «Жауапты шақ», «Талап» деген жаңа беттермен толықты.

Ұлтмыздың рухының асқақтығын, тегілігін, салт-гәстүріміздің салтанатын паш естер, халқымызды естірлар бойы нұр шугеіна бөлесен Ұлыстың Ұлы күні шаңырақтыңызын міндетің, отбасыларыңызын бақ берекесімен еңсіні!

Айгүл Қаржаубайқызы



«Ұстаз мәртебесі» – мұғалімдердің тәжірибе алмасатын алаңы. Өйткені мұнда мұғалімдердің ашық сабағы, шеберлік сабағы, білім процесіндегі жаңалықтар, әдістемелік жаңашылдықтар, оқушыны ынталандыруға ықпал ететін түрлі әдіс-тәсілдер және осыған орай мұғалімдердің өз пікірі үбей жарияланып тұрады. Қазақ тілді мұғалімдермен қоса орыс тілі пәнінің, ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері де бұл алаңды еркін пайдалана алады. Бұл, әсіресе, жас мұғалімдер үшін өте пайдалы дүние. Басылымның аяқ алысы о дегеннен-ақ бай мазмұнымен көзге түскенін тұрақты оқырман қауымы жақсы біледі. Газет тілшісінің паракеті отырып, жылдар өткен сайын басылым мазмұнының жаңа салаға көтерілгенін анық байқауға болады.

Газеттің шығу тарихына шолу жасаған бас редактор: «2011 жылдың наурыз айы өлі есімізге кеткен емес... Сол кездері ой үстінде жүрген шайым еді. Жаңашыр азаматтармен бірлесе жаңаша істі бастауға ниет етіп жүрген кезіміз. Нақтырақ айтсам, жаңа бір басылымды дүниеге әкелу қамымен тынымсыз күй кешкен сәтміз еді. Бұдан бұрын үш бірдей бағытты ұстанған газетке бас редактор болып, жаңашылдықтан, алғашқы болудан тәжірибем бар. Дегенмен жаңа газеттің салмағы ауырлап көрінді. Оқырманды қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету, өзекті мәселелерді қозғау, қоғамдық пікір қалыптастыру секілді журналистикаға тән шаруалар осы салаға жан-тәнімен келген журналистің қолынан келер-ау, бірақ... Иә, сол бірақ біраз ойландырды. Себебі жаңа басылым ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты, қоғамда алға жылжитұғы үлкен күштің тетігі саналатын мамандық – ұстаздықтың қыр-сырын терең игеру, осы салаға барлық құмырын арнаған мұғалімдердің мәртебесін биіктейтін, олардың қоғамдағы орнын айқындау бағыты бір адамның қолынан келе бермейтін дүние. Басылымның бағыты белгілі болған соң, ақылдама келе жаңа газеттің атауы айқындалды.

Рәс, бұған дейін облысымызда да, республикалық деңгейде де талай педагогика саласын қамтитын газеттер оқырманға жол тартқан. Алайда біздің газеттің ұстанымы олардан мүлдем бөлек, білім саласына қатысты мәселелер көтеру, ағарту ісі, тәлім-тәрбие, баланың құқығын қорғау, танымдық бағыт бірінші кезекте тұрады. Оқушылардың таным көкейігін кеңейту мақсатында редакция бірнеше рет сайыстар өткізіп, білім ордаларымен тікелей байланыс орнатты. Өз жеке сайтын ашып, еркін кеңейтті. Он жылдың белесінде газет өз алдына қойған міндеттерін орындап, оқырман алдындағы жауапкершілігін түсінді.

болды. Өлі күнге дейін газет ұстаздар сенімінен шығып келеді» деген тіпектесті білдірді саяси ғылымдар қандидаты Мұрат Насири.

«Ұстаздар мен ата-аналардың еркін пікір алысатын, ойларын ашық жеткізетін басылым санатына жетті. Бұл басылымнан менің алғаным



да, алатыным да, алып жүргенім де, ала беретінім де – ой, идея. Бұл – «Ұлағат консалтинг» оқу орталығының директоры Жұмабай Жәнібектің пікірі.

«Облыс ұстаздарының жаршысына айналып, «Ұстаз мәртебесі» деген атаумен жарық көріп келе жатқан басылым атына заты сай болып, әрдайым мұғалімдердің жүрегіндегін көкейтесті мәселелерді ортаға салып, әдістемелік тұрғыда жас мамандарға көмекші, ыр ұрпақ тәрбиесі жолында үздік тәжірибелерді насихаттап,

«Руханиятты жаңғырту» қоғамдық қорымен бірлесе жасаған жоба жастарға үлкен жаңалық болды. «Зерек» интеллектуалдық сайысы газеттің 5 жылдығына орай ұйымдастырылды. Сайыс облыс бойынша БАҚ арқында бірінші рет онлайн түрде өтуімен есте қалды.

2017 жылдан бастап газет мазмұны жаңа форматқа ауысты. Осыдан бес жыл бұрынғы басылымды паракетан сайын берілетін қандатты сөздердің орнына арнайы тақырыпты беттер менмұндайды. «Қоғам», «Белесі»,

«Дидар» беті жарық көрді. Бірақ мұндағы материалдардың басым бөлігі шетел фильмдеріне арналды.

2020 жылы газет мазмұны «Педагог мәртебесі туралы» заң және ол қалай жүзеге асырылады, сондай-ақ қалыптасқан оқушы мәселелері, пандемиямен күрес тақырыбымен қарасты. Бұған: «Ұстаздың мәртебесін заң қалай көтереді?», «Педагогке тіл тіггендер қалауға алына ма?», «Педагог мәртебесі арты», «Заманауи жағдайда мектептегі оқу үдерісін басқару қызметі», «Жынықты бағалаудың жайы қалай болмақ?»,



Айдар САЙЛАУЛЫ



Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ



Елдос АСАН

Он жыл көлемінде шағын редакциядан тәрбиеленіп шығып, бізге салмаған халықтың журналистер жетерлік. «Қазақстан» ұлттық арнасының Қызылорда облысы бойынша меншікті тілшісі Әділбек Жақанов, «Қызылорда» телеарнасының арнаулы тілшісі Асқар Тәжіев, «Сыр бойы» газетінің журналисі Дәулет Құрман, «Алпыс» газетінің тілшісі Айгерім Нәжімадин, «Әйгілген» журналының тілшісі Майра Бектұрған, «Ақпарат-медиа» журналы Жұлдызай Қалиева, Дін мәселелерін зерттеу орталығының бөлім маманы Айдос Мырзалы «Ұстаз мәртебесі» газетінің белгілі тілшілері болып, журналистіканың алғашқы өліппесі осы жерден үйренгенің ұжым мақтанашымен айтады. Аралым Мырзамова, Нұрболат Қоймағамбетов, арамзадан жасындай жарк ете қалған Сара Омарова да газеттің үздік тілшілері атанды.

Ал, 2019 жылдың қорытындысымен Сыр өңірінің руханият алаңында жүргенде жарқырап, облыс әкімінің «Сыр үміті» сыйлығына ие болған қос журналист Абай Тағыбергел мен Айдар Сайлаулы – «Ұстаз мәртебесі» газетінде қаламын ұштаған тілшілер. Айдар журналистикамен қатар ақындық жолда да абыройлы есімімен танылып келеді. 2019 жылы «Жылдың үздік жас ақыны» дәрежесіне көтерілді. Бүгінде де жас топқын тілшілер редакцияда шыңдалу үстінде.

Бүгінде «Ұстаз мәртебесі» газетінің редакциялық құрамы жүйелі түрде жұмыс атқарып келеді. Басылымның бас редакторы – Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты Нұрлан Көбегенұлы. Сонымен қатар қоғамдық жұмыстардың бет ортасында жүретін ол облыстық қоғамдық кеңестің және ғылыми кеңестің мүшесі, «Сөз құны» журналистер клубының жетекшісі. Газеттің көтерер жүгіне сайыс басылым тілшілері ар салыны менгерген. Білім мен мәдениет және денсаулық саласын газеттің жауапты хатшысы Айдар Әділжанұлы жазса, экология, кәсіпкерлік, құқық бағытындағы мәселелерді Елдос Асан құрайды. Ал, спорт, жастар және әлеуметтік салаға Шернияз Жалғасбекұлы жауапты.

Қоғамдық пікір қалыптастыруда өз оны, өзіндік көзқарасы бар «Ұстаз мәртебесі» газеті оқырман алдындағы өз миссиясын орындап келеді. Қазіргі таңда газет қазақтың ұлттық мүддесінің, тарихи мен мәдениетінің, ұстаздар ұстанымының айналысына айналып, ойлы оқырман басылымы деген мәртебеге ие болды.

Әріптестерімізді он жылдық белесімен құттықтап, шығармашылық шабыт пен зор табыс тілейміз.

Айжан ЖҰМАБЕКҰЛЫ

2021

Шығыс күнтізбесі бойынша Сиыр жылына аяқ бастық. Жаңа жыл мен аралап атқан әрбір таңнан бақыт, байлық күтетін халықпыз. Жаңалық атаулыдан жақсылық күтетін сол дәстүрмен назарларыңызға жаңа жылға арналған жұлдыз-жорамалды ұсынамыз.

ЖҰЛДЫЗ-



ОТБАСЫ МЕН МАХАББАТ
Отбасы беріктігін сақтау үшін қызғаныш пен орынсыз галаптардан арылу қажет. Әрдайым жақындармен ашық сөйлесіп, шынайы болыңыз. Бұл жұбайыңыздың сізге деген сенімі мен махаббатын арттырады. Ал бойдақтар биыл шаңырақ көтеруді жоспарласа, айы оңынан туады. Сондықтан көңілді кештер мен жаңа кездесуден қалмауға тырысыңыз.



МАНСАП ПЕН ҚАРАЖАТ
Биыл жұмыс ауыстыруға немесе қызметіңді жоғарылатуға байланысты ұсыныс түседі. Мүмкіндікті жіберіп алмай, жылдам шешім қабылдаңыз. Ал қызметте өзін көрсете алатындар үшін жоғары табыс күтіп тұр. Бұл табыс сіз ойлағаннан екі есе жо-



ғары. Сол себепті бар күш-жігеріңізді салып жұмыс істейіз. Егер қазіргі жұмыс кіріс әкелмей жатса, басқа кәсіппен айналысуға жүресіңіз. Биылғы бастамалар көпшілік көңілінен шығып, үмітті ақтайды.



ДЕНСАУЛЫҚ
Миды шаршататын жұмыстан арылу қажет. Мұның соңы жақсылыққа апармайды. Дұрыс тамақтанып, майлы тағамдар мен алкогольды сусыннан бас тартыңыз. Әйтпесе ас қорыту жүйесі нашарлап, жұмысқа ынтаныз қашуы мүмкін. Сондықтан саламатты өмір салтын ұстанған жөн. Жұмыстың көптігі шаршатып, қысымыңызға кері әсер етіп жатса, дер кезінде достармен балық аулауға шығып немесе таза ауада серуендеу қажет.

ТЫШҚАН
Сиыр жылы Тышқан жылында туғандар үшін береке мен тұрақтылыққа толы жыл болады. Ол үшін айналаңыздағы адамдарға сеніммен қарап, жігерлендіріп отыру маңызды. Сонымен қатар алда болатын өзгерістер мен жаңашылдықты қабылдауға бейім болу керек. Өйтпесе олардан қағылуы мүмкін.



СИЙР
Жыл иесі Сиыр болғандықтан, қандай да бір қиындыққа мойымай, алға ұмтыласа жетістікке жетеді. Осы қасиетіңіз арқылы сізді жақтаушылар да артады. Оларды ары қарай өз сеніміңізге кіргізу үшін өткір ақыл мен аңғарымпаз қабілетіңіз көмектеседі. Алыс сапарға шығуға ұсыныс түседі. Дегенмен үйден шығуға асықпайсыз. Жоспарлаған біраз нәрсені сатып аласыз. Үйді жаңартуға, айналадағы дүниені жақсартуға ынта оянады. Биыл тағдыры өзгертетін адамды көзкітпесіз.



ОТБАСЫ МЕН МАХАББАТ
Айналадағы жандарға мен беріп қараңыз. Өйткені өмірлік серігіңіз жаныңызда жүр. Оған қор талап жоғары болғандықтан, сезімін білдіруге қысылады. Сондықтан кемшіліксіз пенде болмайтынын ескеріңіз. Ал отбасылы жандар шаңырағын сақтап қалуға ұмтылу керек. Отбасы беріктігін сақтау үшін ұрыс-керісті азайтып, екінші жартыңызға көңіл бөліңіз. Ол үшін жылы сөз де жеткілікті.



МАНСАП ПЕН ҚАРАЖАТ
Жыл басында аздап қаржы тапшылығы сезіледі. Байбалам салып, қарызға батып кетуден сақтанған абзал. Таршылық көрсеніңіз, туыстардан немесе жақындардан қарыз алыңыз. Ал жұмыста бар жауапкершілікті өзінше алып, шамаға қа-



рамай шақыпай бермеңіз. Тек көңіліңіз қалаған шаруамен айналысқан жөн. Болшақта әріптестермен жақсы қарым-қатынастың пайдасы тиеді. Бизнес пен іскерлік сапасында да сәттілік күтіп тұр. Көп нәрсені ынтымақтастыққа тәуелді болмақ. Қаражатыңызды бақылауда ұстаның.

ДЕНСАУЛЫҚ
Саламатты өмір салтын ұстаныңыз. Аурудың бәрі жүйке жүйесінен. Сол үшін болар-болмас жайттың бәрін күйіп-пісуден аулақ болыңыз. Бауырыңыз сыр беруі мүмкін. Оның алдын алу үшін майлы тағам мен фастфудтан аулақ болыңыз. Жүктелген жұмыстың көптігі ұйқысыздыққа шапқандырады. Дер кезінде демалысқа шығып, спортзалға жазылып, йогамен шұғылданған да артық етпейді.



ОТБАСЫ МЕН МАХАББАТ
Жыл иесі Барыс жылында туғандарға жаңа кездесу мен тосын сый дәйіндауда. Нәтижесінде бойдақтардың саны біршама азаяды. Ал отбасылылар бақыт бесігінде тербеліп, жаңа өмір бастайды. Ол үшін күйбең тірліктен арылып, қайталанба беретін күнделікті өмірді қызықты көштерге, толтырыңыз. Өйтпесе өмір қызықсыз көрініп, отбасылық киікшілер тууы мүмкін.



МАНСАП ПЕН ҚАРАЖАТ
Жұмыста біршама өзгеріс болады. Сапарға шығасыз. Жұмыс ауыстыруға асықпайсыз. Бұрынғы досыңыз сізге көмек беріп, қиын мәселені шешуге қол ұшын созады. Қандай мәселе болсын ақылға салыңыз.



Өйтпесе еңбегіңіз далаға кетуі мүмкін. Жыл ортасында қаржылық мәселелер шешімін тауып, жаңа кәсіп ашуға ниеттесіңіз. Мұның бәрін сәздің болшағыншыңды бағдарлауға септігін тигізеді.

ДЕНСАУЛЫҚ
Көңілшектіңіз жүрекке салмақ түсіреді. Жұмысбастылықтан аулақ болып, уақытты тиімді тынықтыруға арнаған абзал. Себебі жыл соңында жүйкеңіз сыр беруі мүмкін. Өз энергияңызды дұрыс пайдаланып, саламатты өмір салтын сақтаңыз. Уақыт тапшылығына қарамай, достармен жиі кездесіп, театрға барып, саяхаттануыңыз. Жақын жандармен еңгімесіз сәздің ішкі жан дүниеніңе жылулық сыйлайды.



БАРЫС
Сиыр жылы Барыс белгісінде туғандарға жағымды болмақ. Алайда көздеген мақсатқа жету үшін еңбектену керек. Оның жемісін жыл соңында көреді. Өз ақылыңызға ғана арқа сүйеп, бейтаныс жандармен байланыс орнатудан аулақ болыңыз. Бастысы, таусылмас күш пен қажырлы қайрат қана сіздің екі қанатыңыз болып, алға жетелейтінін естен шығармаңыз.



ҚОЯН
Қоян белгісіндегілер бұл жылы бір шешімге келе алмай, мың құбылады. Жұлдыздар жұмыстан басқа дүниенің бәрін ысырып, саяхаттауға кеңес береді. Бір оқиғадан соң тылсым жағдайлар болып, сізді өмірге салуы мүмкін. Егер ойлағаныңыз болмай жатса, салыңыз суға кетпесін. Өзіңізге аз кем уақыт беріп, екінші рет қайталап көріңіз. Күйгелек мінезді өзгертіп, өзіңізді жаңа қырынан танытқан абзал. Ал шығармашылықпен айналысатындар үшін биыл берекелі болып, жұлдызға айналуп мүмкіндігі туады.



ОТБАСЫ МЕН МАХАББАТ
Биыл отбасында тұрақтылық орнайды. Осыны пайдаланып, жақындарыңызға көңіл бөліп, сезім беріктігін сақтай түсіңіз. Бала сүйе алмай жүрген отбасының арманы орындалады. Ал бойдақтардың шаңырақ көтеруіне қолайлы жыл. Бірақ таңдау жасауда бас ауырттып, нақты шешім шығара алмай қамғыуы мүмкін. Жүрегіңізді тындаңыз. Орынсыз қызғаныштың өсерінен сүйіктіңізден айырылып қалуыңыз мүмкін. Сондықтан сақтанған жөн.



МАНСАП ПЕН ҚАРАЖАТ
Биыл жаңа салаға қызығушылық танытып, белсене араласады. Осылайша материалдық жағдайын да жақсартып, тіпті айналадағы адамдарды



ерекше көзқарасымен таңқалдырады. Ал кәсіп ашықсыз келетіндер қорқып, идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік туады. Жыл соңында еңбегіне қарай, жемісін көреді. Ал шығармашылыққа бейім жандардың таланты ашылады.

ДЕНСАУЛЫҚ
Көктемде қалқырау, шаршау, ұйқысыздық шаршатыу мүмкін. Бұл күн тәртібін дұрыс жоспарламаудан және азғаға қажетті дәрумендер жетіспеушілігінен туындайды. Жұмысбастылар тез арада демалысқа шықпаса, денсаулыққа жүк түсіруі мүмкін. Көктем ортасына қарай күшіңіз сарқылып, жұмысқа деген қабілетіңіз құлдырайды. Сондықтан денсаулыққа көңіл бөлінген абзал.



ОТБАСЫ МЕН МАХАББАТ
Романтикаға толы жыл болады. Ұлу белгісіндегілер сүйісімен қарым-қатынасын нығайтады. Ал жалғызбасты жандар міндетті түрде махаббатын табады. Олардың көтерген шаңырағы шаттық пен бақытқа толы болады. Бірақ отбасылы жандар зеріуден абай болған жөн. Бірзиділікті тіршілік жанұялық өмірін қызықсыз етеді. Сондықтан отбасылылар жақынынан көп көңіл бөлуді талап етуі мүмкін.



МАНСАП ПЕН ҚАРАЖАТ
Көздеген мақсатқа жету үшін барыншады саласыз. Жылжымайтын мүлік сатып алып жоспарлағандардың айы оңынан туып, пайдаға кенеледі. Жыл басында жаңа жұмыс іздеуге жақсы мүмкіндік туады. Дегенмен бұл жылда үнемі болып, келер уақытта іске



асыратын жоспарға қаржы жинаған жөн. Екінші жартыжылдық қаржылық жағынан тұрақты болады. Әрбір шығынды саналы түрде жоспарлап үйреніңіз. Сондай-ақ жұлдыздар қосымша табыс көзінен гөрі басты жұмысқа мен беруге кеңес береді.

ДЕНСАУЛЫҚ
Сиыр жылы созылмалы асқазан-ішек жолында сырқаты бар жандар үшін қиын. Жұлдыздар диета сақтау арқылы денсаулықты жақсартуға болатынын ескертеді. Қараша айында жұмыстағы жеке өмірдегі кейбір келеңсіздіктер жүйке жүйесіне салмақ түсіп, ұйқысыздық пен күйзеліс кедергі келтіруі мүмкін. Бұл жұмысқа қабілетті азайтып, өсіздікке алып келеді. Бұдан сақтану үшін күн тәртібін реттеп, көбірек демалу керек.

ҰЛУ
Биыл Ұлу белгісінде туғандардың өмірін өзгертетін тың жаңалықтар болады. Жылдың екінші жартысы жаңа бастама, шығармашылық жетістік пен кәсіби ізденіске толы болады. Жақындармен арадағы жылы еңгіме отбасы берекесін арттырып, бақытқа жетелейді. Махаббаттағы жылулық пен шығармашылық табыстар жыл бойы сіздің жағыңызда болады. Мамыр айында шетелге шығуға ұсыныс түсуі мүмкін. Бұл сапар сіздің алдағы өміріңізге оң әсерін тигізеді. Қыркүйек айында ұсақ-түйек қиындықтардың өсерінен аздап күйзеліске түсуі мүмкін. Бірақ қайсарлығыңыз бен табанды мінезіңіз сізді жерге қаратпайды.



ЖЫЛАН
Сиыр жылы Жылан жылы туғандар үшін шиеленісті жыл болуы мүмкін. Бірақ қаржылай табысты жыл деп күтілуде. Ақшаның соңында жүремің деп, өміріңді басқа да маңызды құндылығын жоғалтудан сақтанды жөн. Барлығына үлгеру үшін уақытты жүйелеп, жоспар құру да артық етпейді. Топтық жұмыста еңбек ететіндер үшін тамыз айы табысты болмақ. Қыркүйекте бөгде кісілермен келіссөз жүргізуден сақтанды жөн.



ОТБАСЫ МЕН МАХАББАТ
Биыл сәби күтіп жүргендердің арманы орындалады. Ал бойдақ жандарға өз теңін табуға жақсы мүмкіндік туады. Тек үйде отыра бермей, жиі қыдырып тұрыңыз. Тағы бір ескеру кететін жайт, үйдегі шиеленіскен мәселелерді ашумен емес, ескертеді. Себебі жақындармен қарым-қатынас суып кетуі мүмкін. Сол сияқты сүйіктіңіздің көзіне шөп салмаңыз. Соңында ол сіздің өміріңіздің құл талқымен шығаруы мүмкін. Басы бос ханшайымдар шілде-тамыз айында өзіне сенімді, қуатты ер азаматпен танысады. Дегенмен көрініген кісіге сенім арта берудің қажеті жоқ.



МАНСАП ПЕН ҚАРАЖАТ
Биыл қалтаның қалыңдап, табысқа кенелесіз. Тіпті армандап жүрген көлік пен баспанға қол жеткізуге орайлы



сәт туады. Тек жұмыстағы белсенділік төмендемесін. Жұмыс ауыстыруды көздеп жүргендерге жаңа жол ашылады. Жемісті жұмысыңыздың арқасында басшылықтан жақсы сөздер естисіз. Өрне мұндай жетістікке даңдырып, төкпейлісіп кетпеңіз. Әрбір кадамды аңдап басқанда ғана ортадағы беделіңізді сақтай аласыз. Өйтпесе шалыс қимыл таяқ болып тиюі ғажап емес.

ДЕНСАУЛЫҚ
Көктем айында созылмалы аурулардың алдын алу үшін қажетті емдік шараларға қарсылық білдірмеңіз. Жүйке жүйеңіздің қызметін жақсарту үшін дене еңбегімен шұғылданып, суда жүзіңіз.

ЖОРАМАЛ



ОТБАСЫ МЕН МАХАББАТ
Махаббат мәселесінде тұрақтылық күтеді. Жеке өмірде тосын, жағымсыз жайт орын алмайды. Керісінше, бұл жыл отбасылы адамдар үшін өң қолайлы болады. Өлі де махаббатын кезіктермегендер жылдың соңына қарай жүрегің жаулайтын нағыз өмірлік жартысын кезіктіріп, отау құруы мүмкін. Жүрегіңнің жартысын екінші жартыжылдықта іздеген дұрыс.

МАНСАП ПЕН ҚАРАЖАТ
Бейтаныс жандармен келісім-шарт жасаудан, құдіктендіретін компаниямен жобаларға қомақты қаржы құрудан аулақ болыңыз. Дегенмен Сиыр жылы материалдық жағдайды жақсартуға жол ашады. Алғашқы алты ай көсіп бастап, жұмыс ауыстыруға ыңғайлы. Бұл кезеңде астрология



мансаптың өсуіне барынша күш салу жемісті болады дейді. Ал жазда ауқымды жобалар нәтижесін беріп, толғай табысқа келеді. Ал екінші жарты жылдықта жаңа іс бастауға қадам жасамай-ақ қойыңыз. Тек қазан айы сәтті болуы мүмкін.



ДЕНСАУЛЫҚ
Жыл басында созылмалы жүрек, қан тамыр мен қан диабеті бар жандар қиналуы мүмкін. Сондықтан бүгіннен бастап денсаулықты күткен жөн. Жүйке жүйесіне салмақ салмауға, көңіл-күйді тұрақты ұстауға тырысқан дұрыс. Ал жаз мезгілінің алғашқы екі айында ас қорыту жүйесі сыр беруі ықтимал. Тамақтануда аса сақ болыңыз. Рационыңызды пайдалы жеміс-жидектер мен көкөністерге байытыңыз. Майлы тағамнан аулақ болыңыз.

ЖЫЛҚЫ

Өзіңізге есеп беріп, өткен жылы бітпей қалған істерді аяқтайсыз. Келесі жартыжылдыққа жаңа жоспар құру үшін бұл мүмкіндікті қалт жібермеңіз. Уақыт сізге бағынбайды. Адамдарға бос кінә артудан сақ болыңыз. Болмашы нәрселерді көңілге жақын қабылдау да денсаулыққа зиян. Қарсы пікірлерден қорықпай, ойыңызды ашық айтыңыз. Бұрынғыдай бос қиялға беріліп, армандай беруге болмайды. Жыл аяғына қарай барлық мәселе шешіле бастайды, тіпті бұған өзіңіз де таңқаласыз. Теңізге саяхаттап, өміріңіздің екінші тынысы ашылғандай күй көшесіз.



ҚОЙ
Сиыр жылы сүйікті адаммен қарым-қатынасты жақсартуға қолайлы уақыт. Барлық жоспарланған армандар орындалады. Астрологтар әлеуметтік желіні аса пайдалануға кеңес береді. Өйткені бұл депрессияға және интернетке тәуелділікке әкеледі. Бұл – ілім алып, жаңа қабілеттерді дамытатын кезең. Қаржылық мүмкіндіктер жағынан сәтті жыл. Дегенмен мүмкіндіктерді жүзеге асыру барысында асығыстыққа жол бермеңіз. Ұрыс-керіс пен келіспеушіліктен аулақ болыңыз. Сонда ғана барлық іс пайдаға шешіледі. Жылдың екінші жартысында ұзақ уақыт армандап жүрген істерді жүзеге асырасыз.



ОТБАСЫ МЕН МАХАББАТ
Өмірлік серігін іздегендер үшін Сиыр жылы сәтті болады. Ол үшін ойша сүйіктіңізді бейнелеп, нақты қандай адам керекін анықтап алыңыз. Бірақ әріптестермен көңіл жарастыруға болмайды. Соңы сәтсіздікке апарды. Ал отбасылылар жазаға таяу серігінің сеніміне ие болып, көлемді сыйлық алады.

МАНСАП ПЕН ҚАРАЖАТ
Білім алып, өзіңізді дамытатын кезең. Қаржылық мүмкіндіктер жағынан сәтті жыл. Дегенмен мүмкіндікті жүзеге асыру барысында асығыстыққа жол бермеңіз. Ұзақ сапар мен күтпеген ұсыныстар болады. Осы жылы табыс



көзін арттыру маңызды. Себебі қаншалықты белсенді болсаңыз, соншалықты қаражатты көбейтуге болады. Дәл осындай қарым-қатынастың арасында қаржылық жағдайды жақсартып, жаңа серікесте тауып, жетістіктерге жету-ге мүмкіндік бар. Бастысы, өзгерістерден қорықпай, батыл қадам жасаңыз.



ДЕНСАУЛЫҚ
Өткен жылы дұрыс демала алмағандықтан, жыл басы қиын болуы мүмкін. Еңбек демалысын алып, қалағанда өткізіңіз. Ал жазғы уақытта ас қорыту жүйесі сыр беруі мүмкін. Сондықтан дұрыс тамақтануды жолға қойыңыз.



ОТБАСЫ МЕН МАХАББАТ
Сәуірде жүрегіңізді жаулайтын адамды кездестіріңіз мүмкін. Алайда жүрегіңізді жаулаған жанды асыра дәріптеудің қажеті жоқ. Оның артықшылығымен қоса, кемшілігін де қабылдауға тырысыңыз. Уйленуді жоспарлап жүрген жандар үшін ескі танысының сезімін білдіруі мүмкін. Одан келіп-кетер ешқандай пайда болмайды. Сондықтан оған мән бермеген дұрыс. Жұбайыңызбен қарым-қатынаста келісім мен бірлік болу үшін оның да пікіріне құлақ асыңыз. Ортақ мәселелерді талқылауда сәтті пікіріңіз қаншалықты маңызды болса, оның да көзқарасы соншалықты қажет.

МАНСАП ПЕН ҚАРАЖАТ
Жаңа бастамаға толы жыл болады. Бұл олардың қызмет аясын кеңейтуге, ықпалды адамдармен байланыс орнатуға және идеялары мен жобаларын неғұрлым батыл ұсынуға



көмектеседі. Биыл бастаған істі соңына дейін жеткізуді үйреніп, шыдамдылық пен табандылық сынды қасиетті жетілдіресіз. Қаржы қалыпталу құраға назар аударыңыз, себебі бұл сіздің қаржылық ал-ауқатыңыздың бастауы болмақ. Шілде айында үлкен жетістік пен мол табысқа келесіз.



ДЕНСАУЛЫҚ
Жұлдыздар көбірек демалып, саламатты өмір салтын ұстануға кеңес береді. Әрдайым иммунитет кетеру арқылы қажыр-қайратыңызды жоғалтпай, маңызды шаруаны жасай аласыз. Жыл соңы асқазан-жілді жолдарында дерті бар жандарды ма-залауы мүмкін. Экзотикалық асхананың тамағы жақпауы мүмкін.



МЕШІН
Биыл Мешін жылында туғандар тәуекелге бармай, әрі істі ойлап бастау керек. Қажетті заттарға қаржы жұмсама бұрын, дұрыс шешім қабылдауды үйренген абзал. Себебі эмоциялық тұрғыда тез қабылдаған шешім қаржылық қателікке әкеледі. Жылдың екінші жартысында қызмет ауыстырып, кәсіп ашуға қолайлы уақыт. Ең бастысы, осы жылы жұмыс пен жеке өмір арасындағы шекараны бұзбауға дағдыланған дұрыс. Екі жақты тең ұстау артық етпейді.



ТАУЫҚ
Тауық белгісінде туған жандар бұл жылы қаржылық тұрғыда маңызды шешімдер қабылдауға тура келеді. Десе де екі бірдей бағыттың өзіңізге өң тиімдісін таңдау керек. Жұлдыз жорамал көбірек өзіңізге сенім артып, жаныңыздағы жандардың пікіріне жүгінбеуге кеңес береді. Қаржылық жағдайды өзіңіз басқаруға тырысыңыз. Әр жайтты сараптап, шешім қабылданыңыз. Өзіңізге сенім артып, жағдайды басқара білсеңіз, табысты арттыратын мүмкіндік те туады.



ОТБАСЫ МЕН МАХАББАТ
Тауық жылында туғандар махаббатқа берік, сезімге тұрақты болса да, өмірлік серігін іздеуге келгенде өте талғампаз жандар. Сол себепті де неке мәселесі қиыңа түседі. Ал бойдақтарды жаңа таныстық күтуде, алайда бұл неке қиоға апара қоры күмәнді. Ал отбасылы жандарды сабырлы болуға шақырады. Қандай жағдай болса да, отбасын сақтап қалуға кеңес береді.



МАНСАП ПЕН ҚАРАЖАТ
Егер сіз өміріңізді өзгертуге шешім қабылдасаңыз, жылдың басы өте қолайлы. Ал шығармашылыққа жақын жандар үшін көктем мезгілі жаңа күш пен тың серпін береді. Осы



мезгілде оқ бойы озық көрініп, бірегей шығармашылық жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігі артады. Маусым айында қаржылай табысқа қатысты жоспарларды жүзеге асыру қолайлы. Өз кәсібіңізді ашуды немесе кеңейтуді жоспарласаңыз, сәтті жүзеге асады.



ДЕНСАУЛЫҚ
Созылмалы аурулардың қайта қозу қаупі бар. Көктемде денсаулыққа ден қойып, күтіптен абзал. Кез келген ауруды асыңдырмай емдеуге тырысыңыз. Аутотренинг әдісін меңгеріп, түрлі негативті эмоциядан арылыңыз. Қандай да бір жанжал мен ескі реніш мазалайтын болса, психолог маманың көмегіне жүгінген артық болмайды.



ОТБАСЫ МЕН МАХАББАТ
Биылғы жыл отбасылар үшін неке беріктігімен есте қалады. Бірақ жылдың бірінші жартысы бірқалыпты өтеді. Жалпызбастылар сәуір айында жаңа сезім немесе жауапсыз махаббатқа тап болуы мүмкін. Бірақ күйзеліске түсуге болмайды. Жылдың күз мезгіліне қарай өміріңізде жүрегіңізді жаулайтын жан пайда болуы ықтимал. Отбасында саби дүниеге келіп, махаббаттың шытырман оқиғасын бастан өткересіз. Бұрынғы махаббатыңызбен қауышудың мүмкіндігі туады. Таңдау жасарда асығыстық танытпаңыз.

МАНСАП ПЕН ҚАРАЖАТ
Жаз маусымы – өзіңізді жан-жақты көрсететін мезгіл. Осы мүмкіндікті жіберіп алмай, бойыңыздағы жақсы қасиеттерді көрсетуге тырысыңыз. Бұл қасиет қызметте



әсуге септігін тигізеді. Жылдың аяғында кәсіп ашуға ықпал алады. Бұл идеяны кейінге ысырудың қажеті жоқ, қайта тиімді пайдалануға тырысыңыз. Ал жетік жету үшін жақындар мен достардың қолдауы керек. Олардың бетін қайтармай, көмек қолын созса, қабылдауға қарсы болмаңыз. Тек жақындардың қолдауы мен ғана табысты іс бастап, жетістікке жетесіз.



ДЕНСАУЛЫҚ
Ұзақ уақыттан бері демалмай келесіз. Эмоционалды шаршау, ұйқысыздық, Аздал физикалық және психикалық тыныштық болмаса, күрделі дерттерге әкеліп соғуы мүмкін. Тамыр аурулары бар адамдар дәрігерге қаралғаны жөн.



ИТ
Биыл Ит жылы туғандардың өмірі өзгеріске толы болады. Шығармашылыққа бет бұрып, ізденісте жүреді. Жұмысқа байланысты іскерлік сапарлар мен жаңа орта қалыптастырады. Сиыр жылында қомақты қаражатқа қарыз алу немесе ақшаны бизнеске салудың қажеті жоқ. Сондай-ақ күтпеген шығынға тап болуы мүмкін. Барлық жағдайда шешім қабылдау алында жақсылық ойланған дұрыс. Жұмыс бойынша іс-саярға жиі шығуға тура келеді.



ДОҢЫЗ
Сиыр жылында аяқсыз қалған іскерлік, шығармашылық, жеке мәселелер шешімін табады. Ұзақ сапарлар мен күтпеген ұсыныс болады. Осы жылы табыс көзін арттыру маңызды. Себебі қаншалықты белсенді болсаңыз, соншалықты қаражатты көбейту тиімді. Сізге қолдау білдіретін жақындар үнемі жаныңыздан табылады. Дәл осындай қарым-қатынастың арқасында қаржылық жағдайыңызды жақсартып, жаңа серікесте тауып, жетістіктерге жетуге мүмкіндігіңіз артады. Бастысы, өзгерістерден қорықпай, батыл қадам жасаңыз.



ОТБАСЫ МЕН МАХАББАТ
Доңыз жылы туғандарда бұл жылы сүйген адамымен қарым-қатынаста да біраз қиындық болуы мүмкін. Бірақ бұл да өтеді, күзге қарай барлық түсініспеушілік артта қалып, тіпті кейбір шыңдық көрініп, өмірлік серігіңізді білдіруге қорықпайсыз.



МАНСАП ПЕН ҚАРАЖАТ
Жұмыста бәрі керемет. Әріптестеріңіз сізді сыйлайды, сөзіңізге құлақ асады, ұсынысыңызды жерде қалдырмайды. Қаржылық жағдайыңыз тұрақты, табысыңыз күн санап артып, болашаққа деген сеніміңіз қиыңа түседі. Жалғызбастылар күтпеген жерден



махаббатын жолықтырып, күзге қарай отбасын құруы мүмкін. Ал отбасылы жандардың ынтымағы бұрынғыдан да бекіп, мамырағай бақытты күндер орнайды.



ДЕНСАУЛЫҚ
Жүрек қан тамырында қиындық бар жандар күз айында жағдайыңыз біршама жақсарғанын байқады. Жаз уақытында жұқпалы аурулар өршімес үшін сақ болыңыз. Жеке гигиеналық қағидаларды жіті бақылап, сырқатты барлардан бойды аулақ ұстаныңыз. Бұрын-соңды өтпеген емдік процедураларға барған дұрыс. Күз айында жұмысқа шексіз ынтаның денсаулыққа кері әсер етпейді. Оң тыңданың, таза ауада серуендеп, көбірек қозғалыңыз.

АЛҒАШҚЫ БЕКЕТТЕР

Алғашқы метеоролог-ғалымдар атмосфераның жоғарғы қабатымен танысу үшін ХХ ғасырда радиозонд аппараттарын ұшырды. Осылайша атмосферадағы озонның, электрлік элементтердің мөлшерін, ауаның химиялық құрамын анықтау тәсілі белгіленді. Одан әрі бұл саланы жетілдіру мақсатында орыс ғалымы А.Войков атмосфераның жалпы таралуы, жер шарындағы су айналымы, қардың түсуі сынды құбылысты зерттеп, әлі күнге дейін еңбек етті. Ал ел тарихында ауа райын алғаш зерттеген ғалым деп Шоқан Уәлихановты атаймыз. Ол Іле, Жоңғар Алатауындағы атмосфера қысымын, ауа температурасы мен ылғалдылығын, жел күшін құралдармен зерттеген.

Ал еліміздегі алғашқы аспаптық метеорологиялық бақылау жүргізу – 1855 жылы Қазалы және Семей қаласында басталды. 1917 жылы Алматыда 94 метеорологиялық станция мен 49 бекет, 123 гидрометеорологиялық бақылау бекеті жұмыс істеді. Ал тәуелсіздік алғаннан кейін 1999 жылы 2 наурызда ел Үкіметінің №185 қаулысына сәйкес, Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылды. Содан бері 24 наурыз Халықаралық метеорология күні болып бекітілді.

МЕТЕОРОЛОГ БОЛУ ҮШІН

Метеорология саласына қызығушылық танытатын жастар Ұлттық бірыңғай тестілеуде география пәні бойынша сыннан өткізеді. Бұл салаға ағылы бөлімде оқуға түсу үшін оқушы шекті балдан жоғары жинаса жеткілікті. Ал мемлекеттік грантка түсу үшін 120 балдан жоғары жинау қажет. Еліміз бойынша метеоролог маман даярлайтын 11-ге жуық университет бар. Бірақ біздің өңірде арнайы метеоролог мамандар оқытпайды.

– Бұрын университетімізде метеоролог маманды дайындайтын арнайы жер үчаскесі болған. Онда білім алушыларға қажетті метеорологиялық барлығымен қамтамасыз етілді. Ұчастқа кейін қысылтаң уақытта қараусыз қалып, одан қалды құрылғының тозығы жеткен соң тәжірибеге алаңы жабылып қалды. Оқу орнында арнайы метеоролог маманын даярламайды, тек география пәні бойынша білім алушыларға метеорология пәні қосымша оқытылады. Сондықтан студенттерге метеорология пәні ұнықты болу үшін арнайы қаламыздағы Қазгидромет мекемесінің филиалына тәжірибеден өтуге жібереміз. Өйткені метеоролог мамандарды даярлауда тәжірибе алаңының маңызы зор. Негізінде метеорология және климатология – география ғылымдарының бір саласы. Сонымен қатар метеорология



Желдің жылдамдығын өлшейтін анеморумбометр МЭЗМ-1 құралы

су және ауыл шаруашылығы мамандары білуге міндетті пән қатарына кіреді. Тіпті бір жылдары метеорология қажетті пән қатарынан алынып тасталды. Кейіннен қажеттілігі ескеріліп, қайтадан енгізілді. Осы салаға қызығушылық танытатын жастар география пәні бойынша білім алып та, қабілетіне қарай метеоролог бола алады, – дейді Қоршаған орта атындағы Қазыларда университетінің Жаратылыстану институтының Биология, география және химия кафедрасының аға оқытушысы Оразхан Айдаров.

112: ХАТТЫ КІМ ЖІБЕРЕДІ?

Метеорология саласының басты міндеті – ауа райын алдын ала анықтау. Осы мақсатта метеоролог мамандар 3 сағат сайын ауа райын анықтап, болжап, қысқа мерзімдік ауа райын авиацияға, ғылыми-тәжірибелік мекемелерге және төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктерге ақпарат береді. Тиісті мекеме метеорологтардың есебіне сай дер кезінде турғындарға ескерту жариялайды. Осылайша күн-түн ұлы табиғатымызға 112-ден хат келеді. Кейде қосы мамандардың басқа шаруасы жоқ па, неге хабарлама жібере

Ауа райының күрт өзгеруі, жауынның жаууы, найзағайдың жарқылы сынды табиғи құбылыстың қалай пайда болатынын адамзат ертеден-ақ зерттеп, болжаған. Ал ата-бабамыз көшпелі халық болғандықтан, ауа райын құстар мен ауған бұлттың, жүгірген аңның, аққан судың, төрт түлік малдың қозғалысына қарап білген. Мысалы, күн қызыл шапаққа оранып батса, ертесіне ыстық болады, әй қораланса, қыс қатты болады. Үркер суға түссе, күн жауынды болады деп деп басып айтып отырған. Бір таңқаларлығы, бұл болжамдар қанша ғасыр өтсе де өзектілігін жоймады.

Болжаммен шектелгісі келмеген Еуропа бұл саланы тыңғылықты зерттеуге XVII ғасырда кірісті. Мәселен, Италия ғалымы Г.Галилей мен Э.Торричелли алғашқы метеорологиялық аспапқа жататын барометр мен термометрді құрастырып, метеорологияның дамуына ықпал етті. Кейіннен желдің жылдамдығын, жауын-шашынның мөлшерін, ауаның ылғалдылығын анықтайтын құрылғылар шыға бастады. Бұлардың барлығы сала дамуының алғашқы сатысы еді. Кейіннен ауа-райын болжауға арналған құралдар саны артып, жер-жерде арнайы мамандар даярланып, станциялар құрыла бастады.

береді» деп ашуланатын кездер де болады. Негізінде мұның барлығы сіз бен біздің амандығымыз үшін қажет.

Көпшілігіміз осы салада қызмет ететін мамандардың қандай жұмыс істейтінін біле бермейміз. Енді ауа райын болжауда арнайы маманның атқарар рөліне тоқталсақ,



Индирә БАЙХАНОВА

– Бала күнімнен бұлттардың қалай пайда болатынын, атмосфералық процестің қалай жүретінін, найзағайдың неге ойнайтынын қатты қызықтыратын. Осы қызығушылығымның арқасында метеорология саласының маманы атандым. Жалпы бұл саланы үш бағытта бөліп қарастыруға болады. Бақылау, болжау, бағалау. Бақылау жүйесі – ҚР бойынша метеорологиялық станцияларда нақты ауа райын бақылайды және сол мәліметтерді ақпаратты жинау орталығына береді. Болжам жасаушылар, яғни синоптиктер осы мәліметтер негізінде қысқа және ұзақ мерзімді болжам құрастырып, бағалайды. Бақылау бекетінде дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның ұйғарымына сай, бақылау әр 3 сағат сайын, тәулігіне 8 рет жүргізіледі. Біздің өңірде 9 метеорологиялық станция бар. Оның 4-еуі агрометеорологиялық, 6-еуі автоматты метеорологиялық және 1-еуі аэрометеорология. Метеорологтың жұмысы ауысымды, себебі метеорологиялық қызмет тәулік бойы жұмыс істейді. Біз ауа, су, топырақ үлгісін алу,



Жауын-шашын мөлшерін өлшейтін Осадкомер.Третельков құрылғысы

желдің жылдамдығын, ауаның ылғалдылығын өлшеу үшін көз көлген ауа-райы жағдайында сыртқа шығу жүресінізбейміз. Бұл – біздің басты міндетіміз. Жұмысымыз басқа салаға қарағанда қызықтырақ. Біз әр жауыннан кейін жауған жаңбырдың мөлшерін өлшейміз. Қар жауса, қардың қалыңдығын да бақылаймыз. Анеморумбометр құрылғысымен желдің бағыты мен жылдамдығын белгілейміз. Жел қатты болған жағдайда төтенше жағдай жариялаймыз. Аспандарда бұлттың өзінен ауа-райын болжағанның өзі қызық емес пе? – дейді Қазгидромет РМҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы Гидрометеорология мониторинг бөлімі маманы Индира Байкханова.

Мамандар метеорология саласын климатология және гидрометеорология деп екіге бөледі. Өйткені метеорология океанологиямен



BRC-1m барометр. Ауа қысымын бақылауға ықпал елтейтін құрал.

және гидрологиямен тығыз байланысты. Өзара салалас бұл ғылымдар негізінен жердің географиялық қабығындағы жылу мен ылғал алмасу процесін зерттейді. Жоғарыда атағандай ауа-райын болжау, зерттеу метеорология саласын қамтаса, гидрометеорология түрлі су алаптың алдын алауда маңызға ие. Өйткені экономика саласының барлығы дерлік – гидрометеорологиялық және қоршаған ортаның пастануы туралы ақпаратқа мұқтаж. Алматы, Ақтөбе, Астана, Өскемен, Балқаш қалаларында ірі гидрометеорологиялық обсерватория бар. Ауа райын бақылау және болжау орны жетілдірілген аспаптармен, компьютерлік техникамен және байланыс жүйесімен, автоматтық және электрондық қондырғымен, радиолокатормен т.б. құралмен жабдықталған.

– 1992 жылы БҰҰ-ның кезекті отырысында 22-ші наурыз су қорлары күні бекітілген. Су қорының Қазгидромет үшін алатын орны ерекше. Себебі басты өндірістік бөлімшелердің бірі – гидрология. Елімізде 350 гидрологиялық бекет болса, оның 12-сі Қызылорда облысына тиесілі. Сырдария өзенінің бойында 10 су бекеті орналаса, Арап теңізінде 2 су бекеті бар. Күнделікті үздіксіз, демалысқа қарамай, бұл бекеттерде дарияның су деңгейін,



МЕТЕОРОЛОГИЯ: БОЛЖАМ БА, ӨЛДІ ҒАЙЫП ПА?



Рәушан БЕЙСЕТАЕВА

судың өтімін, температурасын, қысығуын мұздың қалыңдығын бақылауда ұстаймыз. Гидрометеорологияның басты міндеті – мемлекеттік органды, халықты, экономика салаларын тиісті режимді анықтамамен қамтамасыз ету. Яғни гидрологиялық болжам арқылы халыққа су алып кету қаупін алдын ала ескертіп отырамыз. Негізінде гидрологиялық бақылау азамат және кешік 8-де жүргізіледі. Ал қыс, қыстағы уақытта судың көтерілуіне байланысты 4-6 мерзімдік бақылауға көшеміз. Су бекетінде қолданылатын негізгі гидрологиялық зырылдауы Гр 21м ИСВП құрылғысы. Бұл құрылғы судың өтімін, шығынын есептейді. Бұл құрылғыны екі жылда бір рет тексеруден өткіземіз. Тозағы жетсе, ауыстыруға ұсыныс береміз. Ал судың температурасын өлшеуге ТМ4, ТМ10 деген термометр қолданамыз. Одан бөлек, күнделікті судың деңгейін арнайы ГР 104 деген рейкамен өлшейміз, – дейді Қазгидромет РМҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы І санатты инженер гидролог Рәушан Бейсетаева.

АУА РАЙЫН БОЛЖАУ КҮНӘ МА?

Күнделікті өміріміз, жұмысымыз ауа райы мен

Ит жауырынан түлесе, қыс жайлы болды, бауырынан түлесе, қыс қатты болды. Жылқы батысқа қарап, танауын шүйретіп болса, батыстан жел соғады, шығысқа қараса, шығыстан жел соғады. Қарлығаштың жоғары-төмен ұшуы да көп нәрсені аңғартқан. Жер бауырлап ұшса, жаңбыр жауады деп топшаылаған. Құмырсақ илеуін бекітіп, жатып алатын болса, дереу ойдағы үйлерді сел жүреді деп дөңгее шығарған. Жылан, құрт-құмырсақ сынды ұсақ жәндіктер індерін тастап, көше бастаса, жер сілкінеді.

климатқа тәуелді. Сондықтан метеоролог мамандар ауадай қажет. Ал мамандардың күнделікті жұмысы қауыр. Желден, судан келетін

апаттардан адамзатты ескертіп отырады. Осы тұрғыда көпшілік ауа райын болжау дұрыс емес, яғни шариятқа қарсы деген пікірде. Ал ғылым – ауа-райын апталық, айлық, мезгілдік болжау адамзат өміріне қажетті екенін алға тартады.

Метеорология мамандары Алпа Тағаланың жаңбырға қатысты бекітіп қойған заңдылығын ғана біледі. Өрине жаңбыр жаудуын өзіне тән бұлттың қаптауы, желдің өсуі тәрізді белгісі бар. Егер ауа-райын болжаушы мамандар бұлттың қаптауына, желдің өсуін, ауаның ылғалдығын көрсес, онда мынадай уақытта жаңбыр жауады деп айтады. Спутниктік технологиямен желдің, бұлттың өлік немесе төмен қозғалысын алдын ала есептеу ғайыпты білу деген сөз емес. Керісінше ол сөздерге сүйеніп, алдын-ала бір нәрсеге үкім беруге жатады. Имам Мәліктің «әл-Муатта» атты кітабында: «Тайғамбарымыздың (с.а.у.) егер теңіз жатқан бұлт көріне, кейін Шамға қарай бағытталса, онда ол несерлі жаңбырдың белгісі» деп айтқанын келтірген. Бұл тәжірибенің, бақылаудың нәтижесінен жаңбырдың

Наурыз мерекесі баршаңызға жаңа жетістіктер, молшылық пен татулық әкелсін. Сынр жылғында ел тыныш, әр отбасында шат көңіл, бақыт тілейміз!

Мустафа БАЙХОДЖАЕВ

жауатынын хабарлау көмекті білгенге жатпайтынына дәлел. Алпа Тағала қияметтің қашан болатынын, жаңбырдың қай уақытта жауарын, жатырдағы баланың жынысын, адамның ертеңгі күнін және қашан, қай жерде өлетінін, бұлардың барлығын болмай жатып та, себебі көрінбей тұрып та біледі. Бұны Алладан басқа ешкім білмейді. Алайда олар жүзеге асқаннан кейін немесе алдын-ала сөздерге, тәжірибеге сүйеніп пенделер де біліу мүмкін. Өйткені Алпа Тағаланың ілімі адам баласы жаңбырдың жауарын ғылымға сүйеніп білгендігіне себептермен шектеліп қалмаған. Ескертіп жайт, бұл мәселеде ешкім нақты жаңбыр жауады деп кесіп айтпайды. Керісінше жаңбыр жаууы мүмкін деп болжайды. Дегенмен ауа-райы болжамының басым көпшілігі күнделікті өмірімізде жүзеге аспай жатқанын байқаймыз. Жаңбыр міндетті түрде жауады деп кесіп айтпай ақиқатқа қайшы. Біздің сенімдерімізде бүкіл істің барлығы Алланың иелігінде, жаңбырдың қашан жауатынын Алладан басқа ешкім білмейді. Осыған орай, «жаңбырдың жаууы күтілуде» деп, одан кейінгі істі Аллаға тапсыру дін және ғылым тұрғысынан дұрыс болмайды, дейді ҚМДБ Шариғат және пәтуа бөлімі.

Рас, синоптиктер ауа-райы болжамын бергенде «күн суытуы мүмкін, жаңбыр жаууы ықтимал» деп болжайды. Нақты кесіп айтпайды.

Бір сәт көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Күнде

біркәліпты ауа-райы болса, өмір қызықсыз емес пе? Жалапактап жауған қар, күннің күркіреуі, жаңбырдан кейінгі көмірқосақ, желдің соғуы адамзат өмірін қызықты етеді. Сондықтан табиғат құбылысының адам өмірінде апар орны ерекше. Ал осы салада күн-түн демей, аябай еңбек ететін метеоролог мамандар бар

Айгүл ӘЛШЕРОВА

Ә Барлық метеостанциялар территория бойынша бір орталыққа шоғырландырылған. Мысалы, елімізде аудандық станциялар облысқа, олар мемлекеттік метеорологиялық орталықтарға қарайды. Мемлекеттік орталықтар аймақтық орталыққа бағынады. Жер шарында барлығы 25 аймақтық орталық бар. Оның 3-еуі ТМД территориясында.

АЙҚОЖА ИШАННЫҢ КЕРЕМЕТІ

Өрақты Ислам-Шайхтан дәріс алған Айқожа ишанның табалдырыққа жасырған Құранды аттап өтпеген аңызын ел жақсы біледі. Шәкірттің тең адам емесін сезіп, сол уақытта ұстазы Ислам Шайх Айқожаңың бойында жұрт сезе бермейтін тылсым күш бар екеніне елдің көзін қалай жеткізгенін деп жүреді. Бір күні Ислам Шайх шәкірттеріне жатақана салдырады. Содан бел ағаш салғызғанда жарты көз жетпей қалады. Мүлдем болмаған соң Ислам Шайхқа келеді. Сонда: «Айқожамен аңдыласып көріңдер», – депті. «Ә, сыналар кез келді ме?» деп қуанған шәкірттер Айқожаға келеді. Сонда Айқожа ештеңеден саспай, белашың жетпей тұрған басынан қос қолдан ұстап, «Тәңірім қолда» деп тартып қалғанда белаша сағыздай созылып орнына келген екен.



келтіріп тұр. – дейді. Осы тәкапарлық, астамшылық сөзге шыдамай: – Түйені дайында, – депті мүридінде. Не керек, бесін уақытында Айқожа ишан Түркістан мешітіне келіп іреді. Әліп астамшылық айтқан қоңдық алып миыберде уағыз айттып тұр екен. Сөзінен шектен тыс тәкапарлық, менмендік, өзімшілдікті аңғарған бабамыз «туу» депті тербеліп. Сол мезетте уағыз айттып тұрған тәкапар ғұламаның аузынан қан кетті. Алым ғой, оған да Алла білдірген шығар, басыңды селдесін шешіп алып, мойнына салып, еңбектен келіп, баба алдына жылп қулапты. Сонда Айқожа

бабамызбен еріп барған қорысы: «Кереметіңнен айналмай, әулие, артынан жаяу еріп отырғанда табаным жерге тиер-тімес ұшып отырғандай болдым» депті.

Айқожа ишан Түркістандағы Қожа Ахмет Йасауидің қылуыне түсіп, айлап Аллаға құлшылық жасап қайтатын екен. Бірде сол аймақтың бір кісісі көктемде дариандан түйелерін, малын тау беткейге өткізбейші болып маудын үстімен айдды. Әліп бара жатқанда мұз шықрылап ойыла бастайды. Мұны көріп қорқып кеткен бай: «Е, Айқожа ишан пірім, өзің қорғай көр, осыдан аман өтсек нар түлемді атадым!» – дейді. Содан мұз жарылмай аман-есен өткен екен. Бір күндері намазға келгенде әліп кісі ишанға өзі атаған нар түісін әкелмей, орнына басқа түіені әкеледі. Сонда ишан тұрып «Сен маған өзің атаған нарды емес, басқасын әкелдің ғой. Мені түйелеріңді алып шықтың, сенбесен қара» – деп шапаның шешіп иығыңды арқан іздерін көрсеткен екен. Өзі ісін қатты ұялған әліп кісі айбын мойындап, өзі атаған нар түіені әкеліп беріпті. Бұл бабаның көп кереметінің бірі ғана.

Тағы бірде Айқожа ишан Жаңақорған төңірегіндегі Көкбай деген жерде бесін намазына дайындалып, дәрет алып қандаң қарғы ренжіп тербеліпеді. Дәт осы уақытта құмдық бір ғұлама Түркістан мешітінде уағыз айттып, тасып тұрып: – Бұл – сахара. Бұл жерде де ғұлама болады екен. Менің күлкімді

Еліміз үшін наурыз мейрамы – көктем мен жаңаруы ашықтатын мерей тасыған ұлы мереке. Ол – өткенді саралап, болашағымызды болжайтын ерекше кезек. Отаншынсыз – берекесі, молшылық, әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілейміз.

Ерхан АҚЫН

МҮСІРӘЛІ СОПЫ ӘЗІЗДІҢ ӘУЛИЕЛІГІ

Өйтеке бі келісіп, үш бидің белгілеген уақытында Көңтөбеге пір сайысына Мүсірәлі Сопы Әзіз бабамызды апарды. Осы пір болады деп әкелген біз пір болады деп әкелген Ұлы жүздің, Орта жүздің азаматтарының арасында ең соңғы шешуші сайысқа әкүйек қожа Ер Сейітмбет пен Мүсірәлі Сопы Әзіз баба қалады.

Бұл екі әулиеге жанып жатқан тоқсан түіе томарға кимімен түсу талабы қойылады. Жаратқан Жаппар иеге сыйынып, дәретін алып, намазын оқып, тәуекел деп келіседі де, жанып жатқан отқа өкпеуі де түсіп кетеді. Жиналған дүйім

халық күдерін үзіп, самосз болып тұрып қалады. Бір уақытта өкпеуі де оттан аман-есен шыға келеді. Жұрт дүрлігіп кетеді. Өздерін де, киімдерін де күлік шалмаған. Ер Сейітмбеттің шапанының кішкентай жері күйген екен. Сонда жиылған қауым себебін сұрайды. Сонда Ер Сейітмбет: – Нәрестенің дәреті тпін еді, нәресте деп жуған жоқ едім, – дейді.

Бұнымен пікірталас бітпей, енді көркімдік сыналды. – Бір тууға жақындаған сиырды әкеліп: – Мына малдың ішіндегі бузауы қандай? – деп талап қойды. Ер Сейітмбет: – Қара төбел ұрғашы, – деп жауап береді.

Мүсірәлі Сопы Әзіз баба:

– Бұл бузау ұрғашы, бірақ қара төбел емес. Ақ құйрық қара бузау, құйрығы маңдайында жатыр, – дейді.

Дерек сындығын шабын жарып жіберіп, бузауды алса, Мүсірәлі Сопы Әзіз баба айтқандай болып шығады. Жиналған дүйім жұрт бабаны пір сайлап, ақ киізге орап, төбелеріне көтеріп, піріміз Мүсірәлі Сопы Әзіз баба деп Көңтөбені үш айналыпты.

Енді пір үш жүздің қайсысында болу керек деген талас туады: – Менде болсын, мен сендердің үлкен ағаларымын, – дейді Төле би:

– Орта жүз біріне іні, біріне аға едім, менде болсын, – дейді Қаз дауғасты Қазыбек, – Мен сіздердің арттарыңнан ерген інімің, әрі қара шаңырақ иесімін, – дейді Өйтеке би.

Мүсірәлі Сопы Әзіз баба бұлардың келіспейтінін біліп: – Мен сіздерге пәтуа айтайын. Мен біреуім, сіздер үшеу. Кешке төртеуімнің атымызды жайылғымға жіберейік. Тәңертең төртеуімз бірге атқа барғанда менің атым қайсы- ныңдан атынып-абын ба? Бәла кайтпеді, атың барайын, – дейді.

Тәңертең аттарға барса, пірдің аты Өйтеке бидің атымен қосылып тұр екен. Сөйтіп Мүсірәлі Сопы Әзіз Кіші жүзде орнықты.

Мүсірәлі Әзіздің алғаш халыққа әулие ретінде танылуы жайында көнеден жеткен мынадай аңыз бар. Түркістандағы медреседе оқып жатқан шәкірт Мүсірәлі өкпеуі Жәдік еліне алып қайтып келе жатқанда түс қайта бір қорымның басындағы жиыңды көріп тоқтаса, олар бір өлікті жерлеуге әзірлену үстінде екен. Бұлар сұрастырса, жерленетін адам ертеңгісін қайтыс болды. Ол кезде қазақ халқының арасында өліктің денесі сұмдай, молдалардың айтуымен, шарияттың бұйрығы солай деген тәртіппен жерленетін көрінді. Мүсірәлі шәкірт сол маңайда тұра қалып, өліктің денесіне қарамай, кеудесіне қол салып көрес сұйы қоймапты. Мүсірәлі «Бисмиллаһи рахмани-рахим» деп қолымен денесін сипап өткенде, өлікке жан бітіп, тіріліпті.



Жиналғандар баланың кереметіне таң қалып, ризашылығын білдіріп, жерлеуге әкелген өлікті тіріліп алып қайтыпты. Жеті өлікке жан берген Мүсірәлінің кереметі осылай басталған.

Елге келген соң біраз уақыттан кейін ауыл сыртында балалармен ойынап жүргенде, ауылдан шылап жылаған дауыс естіледі. Оның мәнісін сұрағанда естіялар бір баба:

– Осы ауылда бір жесір кемпір тұратын. Соның бойжеткен қызы көптен науқас еді, бүгін қайтыс болыпты. Соған жылп жатқаны ғой, – дейді. Мүсірәлі ойынды қойып, ауылға келіп, өлік жатқан үйге іреді. Ші түтпй орап, мәйітті үйдің оң жағына шығарып қойған екен.

Мүсірәлі жиналған үлкендерден мәйітті көруге рұқсат сұрайды. Бірі: «Көрсін!» – деп, бірі: «Бала шошындай, көрмесің!» – деп біраз шуласып, атысыңды қарай өтпеді. Шыд ашып, мәйіт жаңына келген Мүсірәлі бисмилласын айттып, медреседе имам берген аза тағымен өліктің басынан аяғына дейін сипап өткенде қызға жан бітіп, көптен кейін ауруынан құлан-таза айыады.

Тағы бірде Мүсірәлі ел аралап жүріп, кездесуіне бір қаралы үйге тап болады. Сол үйдің бес бірдей баласы жұралы іңдеттен қайтыс болып, ата-анасы, туысқандары аза тұтып отырғалты. Мүсірәлі дұға оқып, өліктердің күдерлерін сипағанда, бірнен соң бірі тіріліпті. Содан бастап бір үлкен кісі, бір қыз, бес баланы тірілтіп Мүсірәлі «жеті өлікке жан берген» әулие атаныпты.

ҚҰДАЙҒА СОҒЫС АШҚАН ЕЛ

Құдайға соғыс ашқанын жариялап, жарты ғасыр Жаратушы күш бар дегенді жоққа шығарып келген Еуропадағы жалғыз атеистік мемлекет Албания дегеніне жете алмады.



Әдетте коммунистердің билікке келе салса дінді қоғамдық өмірден ысырауға тырысатыны белгілі. Олар бұл жолда діни қызметкерлерге қарсы репрессия ұйымдастырып, гнибдат орындарын жабады. Бірақ XX ғасырдың ортасында Албания билеушісі Энвер Ходжа Жаратушыға қарсы шыққанын мәлімдеп, өз елін «теміздегі жалғыз атеистік мемлекет» деп жариялағанда кішкентай ғана мемлекетке бүкіл әлем назары ауа кетті. Жергілікті коммунистер дінді жоюда үгіт-насихатпен шектеліп қана қойған жоқ, дегендеріне жету үшін күш те қолданды. Жүздеген діни қызметкерлердің құқықтары шектеліп, түрмелер мен концлагерлерге қамалды. Кейбіреуін әлім қазасына кесті. Бірақ 1990 жылдардың басында елдің әлеуметтік жағдайымен бірге Албанияның атеистік саясаты құрылды.

1944 жылдың аяғында Албания Коммунистік Еңбек Партиясының жетекшісі, марксист және сталинист Энвер Ходжа ел тізгінін қолына алды. Билігінің алғашқы жылдарында қорқып, Ахмет Зоғудың жолын жалғап, елдің діни саясаты басқа коммунистік елдерден ерекшеленбеді.

Бірақ көп ұзамай дінге қарсы күреске шықты және оны католиктерден бастады. 1946-1947 жылдары Албанияда иезуиттер мен францисканецтардың дінін тыным салды. 1945 жылдан 1963 жылға дейінгі аралықта елдегі 253 католиктік ағымның 100-і ғана қалды. 1946 жылы Шкодрада католиктік діни

қызметкерлер басқарған Албания одағының мүшелері сотталды. Олар Ұлыбритания мен АҚШ-тың қолдауымен бүлікке дайындалды деп айыпталып, ату жазасына кесілді. Процес Албаниядан шетелдік католиктік діни қызметкерлер мен монахтарды қуып шығуға таптырмайтын себеп болды. 1940 жылдары Ходжаның бұйрығымен албан православие шіркеуінің үш епископы қамғауға алынып, архиепископ Христофор түрмеге қамалды. Албания билігі албан православиядағы өздеріне жақын Константинополь патриархатымен байланысын үзді.

Елдегі қуғын-сүргінмен қатар идеологиялық науқан өрістеп жатты. Кітаптар радио хабарларын тарату, фильмдер түсіру арқылы үгіт-насихат жұмысын жүргізді. Дінге қарсы насихатты мекепте жүргізу басталды.

1949 жылы «Діни қауымдастықтар туралы» заң қабылданды. Енді барлық діни құжаттар, прихоттық мәлімдемеге дейін, алдымен партия басшылығымен бекітілді. Діни қауымдағарға жастарды тәрбиелеу мен оларға білім беруге тыным салынды.

Ходжа дімнен күресті марксизм-ленинизм бағытына негіздеген идеямен бастағанымен де оның ұлтышылдығы мен елді шетелдік ықпалдан қорғауды тын сақтығы науқанды репрессияға айналдырып жіберді. 1965 жылы көз жұмды да, 1990 жылы елде жалпай наразылық басталды. Бұл онысы да әрең тұрған мемлекетке қатты әсер

құдікен қарады. Тарихқа үйілетін болсақ Албания христиан мен ислам діндерінің қиылысу нүктесінде тұр. Албания жеріндегі ислам тарихы XIV-XVI ғасырлардан, яғни Осман империясының Балқан экспансиясынан басталады деп болжау қате пікір. XII-XIII ғасырлар аралығында түркі-парсы басқыншылары Хаджи Бекташ-вигилдің ізбасарлары исламның дәстүрлі емес ағымын алып келген болатын. Коммунистік кезеңде Албаниядағы ислам дінінің ұстанған елде діні өкілдерін бір-біріне қарсы қою жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Мысалы, 1970 жылы елдің оңтүстігіндегі православ өкілдерін коммунистік мұсылмандар тығыз орналасқан аумаққа күштеп көшірді.

Бассыз кеткен билеушінің өзі осы мағынасыз існен үлкен рахат алды. «Қулаған өрт кішкентай ғана ұшқаннан басталады. Біздің дін ошақтарын жоюдағы ісіміз осыған ұқсас. Қолымыз жеткенге тоқмейілісіп тоқтамақ емеспіз, көне дәстүр мен сенімді, діни көзқарасты түбегейлі тоқтатқанша күресті жалғастыра береміз» деді астамсыған билеуші.

Құдайға қарсы соғыс ашқан Албан диктаторы 1985 жылы көз жұмды да, 1990 жылы елде жалпай наразылық басталды. Бұл онысы да әрең тұрған мемлекетке қатты әсер

етті. Шығыс Еуропадағы сияқты коммунистік билік Албанияда да құлады. Шіркеулер мен мешіттер қайта ашыла бастады. Құдайға құлшылық етушілер ашық астан астында жиналды, өйткені елде ешқандай ибадат орындары қалмаған да. 1998 жылы жаңа Албания Конституциясы дін бостандығын заңдастырды. Төрт дін – мұсылмандар (сунниттер мен бекташтар), православие және католиктер ресми мойындаудың жоғары дәрежесінде және олардың мерекелері мемлекеттік деңгейде атап өтіледі. Албания конституциялық түрде зайырлы мемлекет деп жарияланды.

Барлық қиындықтарға қарамастан, Албания Энвер Ходжаның дінге қарсы саясатының салдарын жеңді. 2011 жылы халық санағына сәйкес, ел азаматтарының 56,7% -ы өздерін мұсылман, 10,03% -ы католик деп атаған, 6,75% – православие және 2,00% – Бекташ (сопылық ислам). Респонденттердің 13,79% -ы жауап беруден бас тартты, тек 2,5% -ы өздерін дінге ие деп атады.

Жаратқанды қарсы шыққан билеушінің дегені әуелі Тиранадағы «Ерлікпен қаза тапқан ұлт батырлары» қорымына қойылады. Елдегі бір партиялық жойылғаннан кейін билікке араласа бастаған демократтардың ықпалымен «Албания Сталині» атанған марқұмның сүйегі 1992 жылы астана шетіндегі елеусіздей бейітке қайта жерленді.

Аударған Е.АҚЫН

ОСПАН ИШАННЫҢ КАСМЕТІ

Ел аузындағы аңыз әңгімеге сүйенсек, XIX ғасыр мен XX ғасыр басында өмір сүрген Оспан ишан бөктампаз болған екен.

Бірде Оспан ишан кемпіріне:

– Ас-суыңды әзірлеп қой, мені «тәртіпке» салайын деп біреулер келеді, – депті.

Ишанның жүрегіне Құдай алдын алса сездіргені ғой, үйіне бір топ адам келе жатыр екен, арасында Қалжан ахун бар. Сөйтсе шариятты ішп-шайып алған бес-алты молда Қалжан ахунды қайта-қайта ортаға алып: «Оспан деген өзі ишан бола тұра, аузы лас, екі сөзінің бір боғаруы. Бұл шариятқа қайшы. Сіз болып, біз болып боқтыңыз қойдырамыз», – деп маза бермейті. Қалжан ахун амалсыздан олардың дегеніне көніп, ізінен ерген екен. Сонымен қонақтар да ишанның қонысына жетті. Қалжан:

– Ассалаумағалейкум, – деп атынан түсе бергенде Оспан ишан аяғын жерге тізілбестен ахунды көтеріп алады да:

– Жоғарыға қара, – депті.

Содан кейін аяғынан ұстап, басын салпырттып қойып:

– Енді төменге қара, – дейді.

Екеуінде де:

– Қарадым, түсіндім, – дейді Қалжан ахун. Сосын жерге түсіріпті. Сонда ишан:



– Қалжан, сені ахун-ахун дегенге еңгезердей біреу екен десем, қанбақтай адам екенсің ғой, – дейді.

Содан кейін бес-алты молдасымен Қалжан ахун үш күн, үш түн ишанның уағазын тыңдап, рухани суысқын қандырыпты.

Қайтар жолда молдалар ахунға:

– Сізбен бірге ишанның боқтығын қойдырамыз деп келіп едік. Ол туралы неге бір жақ ашпадыңыз, – дейді.

– Е-е, сендер ештеңе түсінбеген екенсіңдер. Ол мені көтеріп алып жоғарыға қаратқанда көзіме жәннатты көрсетті, төменге қаратқанда тозақты көрсетті.

Саған осы екеуінің қайсысы керек? – деп сұрады. Ол кісі ілімді, оған бөктап сөйлеуге болады екен, – деп жауап береді Қалжан ахун.

ТАЭКВАНДОНЫҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫН БІЛЕМІЗ БЕ?

Тазквондо немесе Taekwon-Do аяқ және қол мүмкіндігін пайдалана отырып, спортшылар бір-бірімен күресетін олимпиадалық спорт түрі. Бұл спорттың отаны – Корея. Тазквондо спортына ерлер мен әйелдер қатыса береді.



Корея спортының тарихы 2000 жыл бұрын басталған. Корея түбегінің аумағында үш патшалық билік еткен. Олар: Когурё, Силла және Пэкче. Өр патшалық өзінің жауынгерлік өнерін дамытты. Жауынгерлік өнер сыртқы жауларға қарсы тұру үшін керек болды. XX ғасырдың басында Корея мемлекетін Жапония басып

алған еді. Кореялық тазквондоны көз келген жеке-жеке өнеріне тыйым салған басыншылардан жасырын дамытты. 1945 жылы жапон оккупациясынан кейін жауынгерлік өнер мемлекеттік спортқа айналды. Бұл кезеңде жауынгерлік өнердің техникасы сақталып, рухани және философиялық дәстүрі көмескіленді. Тәуелсіздік алғаннан

кейін тазквондо жауынгерлік өнерін үйрететін спорт үйірмелері ашылды. 1950-1953 жылдарда олардың саны біршама көбейді. Бұл кезеңде спортқа байланысты бірнеше жүйе құрылды. 1955 жылы спорт үйірмелерінің аттары әр түрлі болып аталды. Олар тхексудо,

субак, субак-до, квонбон, тэген, тансудо, тэксонбон және т.б.

60-жылдардың басына дейін мемлекет спортқа араласпады. Осы мәселе бойынша мемлекеттік саясаттың маңызды кезеңі Пак Чон Хи билікке келгенінен басталды. Тазквондо бүкіл әлемдік деңгейде дами бастады. Бүгінгі күні бұл спорт түрімен 40 миллионнан астам адам айналысады.

Тазквондо спортында белбеулер шартты түрде әр түрлі түске бөлінеді. Жалпы 9 түске (кейде "тып" деп атайды) бар. Қара белбеу алу үшін кем дегенде 2-5 жыл үйрей дайындалу керек. Әрбір адам өзінің қабілетіне байланысты жаттығып, керекті нәтижеге жете алады. Алаң аймағы 10×10 метрге дейін болуы тиіс. Алаң тепіс беткейге және серпінді матаммен жабылуы керек.

Ақтың моласатын, жарықтың ұзаратын, тіршіліктің жаңаратын, өмірдің жаңғыратын – наурыз мерекесі құтты болсын!

Жансая ТІЛЕУ

Жаңартылған рейтинг бойынша
Қазақстан спортшылары
келесідей орындарда жайғасқан (ТОП-50):

60 кг
Елдос Сметов – 2 орын (5718 ұпай)
Ғұсман Қыргызбаев – 10 (4426)

66 кг
Ерлан Серікжанов – 12 (3831)
Елдос Жұмақанов – 23 (2597)

73 кг
Жансая Смағұлов – 14 (3470)

81 кг
Дидар Хамза – 27 (2090)
Руслан Мусаев – 45 (1026)

90 кг
Ислам Бозбаев – 19 (2626)

+100 кг
Ерасыл Қажыбаев – 37 (1301)

РЕЙТИНГТЕ АЛҒА ЖЫЛЖЫДЫ



Халықаралық дзюдо федерациясы (IJF) көзекті Grand Slam жарысынан кейін спортшылар рейтингін жаңартты.

Ташкентте өткен әлемдік Grand Slam кезеңінен кейін Қазақстан дзюдошылары рейтингте алға жылжыды. Жаңартылған рейтинг бойынша 60 келіде аталған жарыстың күміс жүлдегері атанған Елдос Сметов 3 саты жоғарылап, екінші орынға көтерілген. Ал 73 келіде күмістен күттелген Жансая Смағұлов бес саты жоғарылап, 14-ші орынға жайғасқан. 66 келіде жарысты бесінші орынмен аяқтаған Ерлан Серікжанов рейтингтегі орнын сақтап, 12-ші орында тұр.

САҒАН ТАҢЫРҚАЙМЫН!

Футболдан Бразилия құрамасы сапында үш дүркін әлем чемпионы Пеле өз рекордын бұзған португалдық Криштиану Роналдуды құттықтады.

Роналду Италияның А сериясының 27-турында "Кальяриге" (3:1) қарсы матчта хет-трик жасап, карьерасында соңған гол санын 770-ге жеткізді. Пеленің еншісінде 767 гол бар.

Роналду, өмір – жалғыздық саяхаты. Әркім өз сапарын жасайды. Ал сенің жолың қандай? Саған таңырқаймын, ойыңды тамашалағанды ұнатамын, бұл ешкімнен жасырын емес. Ресми матчтарда салған голдар саны бойынша менің рекордымды жаңартуыңмен құттықтаймын. Өкінетін жалғыз дүние, бүгін сені құшақтай алмайтыным. Бірақ мына суретті сенің құрметіңе қоюмын, үлкен сүйіспеншілігің, ұзаққа созылған достығымыздың



белгісі ретінде", – деп жазды 80 жастағы Пеле Instagram желісінде.

КЕЛЬНДЕГІ АЛТЫ ЖҮЛДЕ

Германияның Кельн қаласында боксшылардың халықаралық турнирі өз мересіне жетті. Финалда Қазақстанның алты боксшысы өнер көрсеткенімен, олардың екеуіне ғана бас жүлде бұйырды.

91 кило салмақта өнер көрсеткен Айбек Оралбай команда қоржынына алғашқы алтынды сапса. +91 кило салмақ дәрежесінде күш сынасқан Қашымбек Қоңқабаев та қарсылас шәк келтірген жоқ. Осылайша альптармен аяқасып жүрген қос саңлақ неміс жерінде қазақ елінің әнұранын шырақтаты. Жарыс жеңімпазы атанған қос қандасымыздың өнері әлемнің әр кирынан жиналған майталман мамандар мен жергілікті жанкүйерлер тарапынан өте жоғары бағаланды. Дәл сондай құрметке бөленуге Сәкен Бибысов (52 кило), Оразбек



Асылқұлов (57 кило), Ертуған Зейнулинов (63 кило) және Нұрбек Оралбайдың да (81 кило) тамаша мүмкіндігі болды. Алайда айтулы былғары қолғап шеберлері атық сыңға дейін алқынбай жеткендерімен, шешуші тұста ұтылып, күміс медальді қанағат тұтты.

Кельндегі дзюдо халықаралық турнирін қорытындысы бойынша Қазақстанның ұлттық құрамасы жалпы командалық есепте бірінші орынды иеленді.

УЕФА РЕЙТИНГІСІ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КЛУБТАРДЫҢ ОРНЫ ҚАНДАЙ?

УЕФА соңғы бес маусымдағы еуропалық клубтар рейтингісін жаңартты.

УЕФА-ның ресми сайтындағы рейтингке қазақстандық жеті клуб енген. Олардың арасында «Астана» ғана үздік 100 клубтың қатарында. Бірақ еуропалық клуб былтырғымен салыстырғанда

ЕЛ КЛУБТАРЫНДА НЕГЕ ЛАҚАП АТ ЖОҚ?

Әлемдегі әйгілі адамдардың дені лақап атымен танылмай. Кейбірінің бүркеншік атының танымалдылығы сонша шын есімін санаулылар ғана біледі. Халық қойған есім тарихта қалады, санадан шықпайды, жадымыздан ұмытылмайды. Сондай-ақ халық өзі берген есімін өзі жылы қабылдайды.



Еуропаның ұлттық чемпионаттарына қарап отырсаңыз, командалардың барлығында халық берген жанға атау бар. Мәселен, "Ньюкаслды" сауықандар, "Ливерпульді" қызылдар, "Манчестер Юнайтедті" қызыл сойқандар, "Челсиді" ақсүйектер, "Арсеналды" зеңбірекшілер деп атайды. Бір команданың өзінде бірнеше атау бар. Бұл жақта футбол клубтарының тарихы мен философиясы осы атауға лайық, сонымен қатар үстіне киген жейделері де сол атауды айғақтап тұрады.

Футбол клубтарына жанға атау беру – спорттағы мәдениеттің бір түрі. Сондай-ақ оның бұқаралық сипат алуына да үлкен жол ашады. Бізде жоғарғы лигада өнер көрсететін клубтар саны санаулы ғана. Бар-жоғы 14 команда. Бірақ сол командаларға лайықты нысаны бере алмай келеміз. Өншейінде ат тауып беруге шебер сияқты едік, футболға келгенде онымыз байқалмай тұр. Осыдан-ақ халық пен футболдың арасы алшақтау

екені анық байқалады. Мәселен, «Шахтерді» кеңшілер дейміз. Осы секілді «Атырауды» мұнайшылар, «Ордабасыны» мақташылар десе әбден жарасыл тұр. Шыны керек, қай қаланың намысын қандай клуб қорғайтынын әлі күнге дейін ажырата алмай жүргендер бар, соларға да сабақ болар еді. Әрине, бұл шартты түрде ғана көтерілген мысалымыз. «Қайрат» десе алматылықтар еске түседі. «Ақтөбенің» ақтөбелік команда екені айтпаса да түсінікті. Бірақ біздің айтты отырғанымыз ресмиліктен алыстап, халыққа жақындау болуы.

Қазақ комментаторлары отандық біріншілікті сөз еткенде командалардың ресми атауымен ғана шектеліп, «онүстіктен», «солүстіктен», «шығыстан», «батыстан» деген секілді жаттанды анықтамаларды ғана қолданады немесе сол облыстың, қаланың ғана атын айтады. Осындай сәттерде бір командалық әр қырынан көрсетіп, түрлі атауларын сөз етсе дейміз.

РУКАВИНА: ӘЛЕМ АЛДЫНДАҒЫ МАСҚАРАЛЫҚ



«Астана» нөсер астында Премьер-Лиганың бірінші турында «Түран» командасымен кездесті. Кездесе 2:2 есебімен тең аяқталды. Түркістандағы даулы матчтан кейін «Астананың» вице-капитаны Антонио Рукавина эмоциясын білдірді.

– «Түран» командасын сапасыз «футбол алаңындағы» күресте бір ұпай жеңіп алғанымен құттықтағым келеді. Матчтан кейін мен қазақстандық футбол лигасының мүшесі болғанымға уяламын. Екі ұпай жоғалтқанымыз үшін емес. 40 миллион еуро тұратын стадионның сиғынан жерге кірердей болдық. Бүгін-ертең бұл матчты бүкіл әлем көреді, қазақстандық футбол масқара болды. Көпке күлкі болды.

Қазақстандық футболды әлемге танытқан «Астана» футбол клубы. Бірақ футболдың сүйетін барлық қазақстандықтар үшін басты сұрақ: біз дұрыс жолдамыз ба және осындай матчтарға лайықты ба?

8 саты төмендеп кетті. Елдің алты дүркін чемпионы УЕФА клубтар рейтингісінде 64-орында тұр. Ел клубтары арасында екінші орынға «Қайрат» жайғасқан. Алматылық клуб Еуропада 192-орында. Ал өзге клубтарымыздың орны тым төмен. 308-ден 312-ге дейін «Қайсар», «Ордабасы», «Тобыл», «Ертіс» және «Ақтөбе» бөліседі.

Қазақстандық клубтардың УЕФА рейтингіндегі орны: 64. «Астана» – 22,500 ұпай; 192. «Қайрат» – 6,000 308-312. «Қайсар» – 1,500 308-312. «Ордабасы» – 3,000 308-312. «Тобыл» – 2,500; 308-312. «Ертіс» – 1,500; 308-312. «Ақтөбе» – 0,250.

НҰРБОЛАТ НҰРЖАҒБАЙДЫҢ ФОТОМҰРАҒАТЫНАН



Көзкеші редакторы:
ЕШЕҒІБЕК

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айжан АБДУЛЛАЕВА

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8536
Тансырыс №393